

Б.Т. ҚАБАТАЙ

Әдебиеттік оқу

1-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық

2

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2017

ӨОЖ 373.167.1

КБЖ 83.3я72

Қ 13

Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Шартты белгілер:



– бөлімнің аты



– жеке жұмыс



– жаңа сабақ



– жұптық жұмыс



– суретпен жұмыс



– топтық жұмыс



– шығармашылық жұмыс



– сөздік



– жазу жұмысы

Қабатай Б.Т.

Қ 13 Әдебиеттік оқу. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық; 2 бөлімді/Б.Т. Қабатай. – Алматы: Атамұра, 2017.

ISBN 978-601-306-694-3

1-бөлім. – 2017. – 128 б.

ISBN 978-601-306-695-0

ӨОЖ 373.167.1

КБЖ 83.3я72

ISBN 978-601-306-695-0 – (1-бөлім)

ISBN 978-601-306-694-3

© Қабатай Б.Т., 2017

© «Атамұра», 2017

АЛҒЫ СӨЗ

Менің кішкентай досым! Бұл кітап «Әдебиеттік оқу» деп аталады. «Әдебиет» деген сөзді бұрын естіп пе едің?

«Әдебиет» сөзінің мағынасы *көркемсөз* дегенді білдіреді. Мұндай көркемсөздерді оқулықта берілген шығармалардан табасың. Сондықтан әрбір шығарманы көңіл қоя отырып оқуыңды сұраймын. Әр мәтіннен түрлі жағдаятта қолданылған 2-3 көркемсөз үйреніп қалуға тырыс. Мәселен, Фариза Оңғарсынованың «Әже» өлеңін мысалға келтірейік. Сен, әрине, әжеңді жақсы көресің. Жақсы көретіңді, ақын айтқандай, *әжетайым менің* деген сөздермен айтып білдірсең, қандай әсерлі болар еді?!

Міне, осылайша әсерлі көркемсөздерді біртіндеп үйрене бересің. Оған ұстазың, ата-анаң, үлкендер және «Әдебиеттік оқу» кітабы, хрестоматия, электронды оқу құралы көмек береді. Көркемсөзге бет алған алғашқы қадамдарың сәтті болсын!

Оқулық авторы



ӨЗІМ ТУРАЛЫ



1 Абай атаның сөзін жақсы тыңдаймын



1. «Жақсы деген немене, жаман деген немене?» дейтін сұраққа жауап беріп көр.



2. Берілген суреттерге зер сал. **Жақсы** деген жауап қай суретке, **жаман** деген жауап қай суретке қатысты екенін айт. Неліктен?



3. Абай ата **жақсы**, **жаман** туралы не деген екен? Түсініп оқы.



Абай
Құнанбаев
(1845–1904)

Ғылым таппай мақтанба

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,

Оған қайғы жесеңіз.
 Өсек, өтірік, мақтаншақ,
 Еріншек, бекер мал шашпақ –
 Бес дұшпаның, білсеңіз.
 Талап, еңбек, терең ой,
 Қанағат, рақым, ойлап қой –
 Бес асыл іс, көнсеңіз.



Бекер мал шашпақ – босқа шығындану.
Қанағат – барға риза болу.
Рақым – кеңшілік, ризашылық.

4. Сызбаға сүйеніп, өлеңнің авторы туралы әңгімеле.



5. Абай ата қандай жақсы қасиет пен жаман әдетті атайды. Дәптеріңе теріп жаз.



6. Өр топқа 5 үлестірме қағаз таратылады. Өр қағазға бір жақсы қасиет пен бір жаман әдетті жаз. Осы сөздерге қандай сурет салар едің? Түсіндір.



7. Абай атаның сөзінен қандай сабақ алдың? Өз бойыңда қандай жақсы, жаман мінез-құлық белгілері бар деп ойлайсың? Кестеге түсір.



Алғаш рет оқуға келген күнім



1. Өлең жолдарын оқы. Алғашқы қоңыраудың үнін естіген кезінді есіңе түсір. Бір-біріңе сұрақ қой.

Бірінші қыркүйек күнімен!
Аңқыған жұпар гүлімен
Келіп ем, қарсы алар мектебім,
Сүйкімді қоңырау үнімен.

2. Бала Ахмет оқуға қалай келіпті? Мәтінді түсініп оқы.

Мен қалай оқуға бардым?



Ахмет
Байтұрсынұлы
(1873–1938)

Менің Әбіш деген құрдасым бар еді.

Әкесі оны оқуға берді. Бір күні ойнайын деп бардым. Әбіш кітап оқып отыр екен. Тыңдасам, кітабында жұмбақ, мақал, өлең, басқа да жақсы сөз көп екен.


«Оқу үйренсем, мен де сондай оқыр едім» деп ойға қалдым. Үйге қайтып келдім. «Оқуға барамын!» – дедім. Әкем мен апам бұл ойымды ұнатты. Ертеңіне әкем мені оқуға апарды.

Ахмет Байтұрсынұлы

3. Бала Ахметтің оқуға келген күнгі көңіл күйі қандай болды деп ойлайсың?


4. Сызбаға сүйеніп, Ахмет Байтұрсынұлы туралы әңгімеле.



 5. Аспанға ұшып бара жатқан шарларды ұстап қал. Олардан нақыл сөз құрастыр. Нақыл сөздің мәнін түсіндір.



6. Шарлардың түсіне мән бер. Бұл сөздерді сен қандай түспен бояр едің? Неліктен?

 7. Жазушыға еліктеп, берілген ойды жалғастыр.

Оқу үйренсем ...



3

Кітап оқи аламын

1. Сен қандай кітапты оқығанды ұнатасың?

- күлдіргі оқиғалы;
- қорқынышты оқиғалы;
- таңғажайып оқиғалы;
- деректі оқиғалы;
- ешқандай оқиғасы жоқ.

2. Қартқожа қандай кітап оқыған деп ойлайсың? Мәтінді түсініп оқы.

Кітап оқу



**Жүсіпбек
Аймауытов
(1889–1931)**

Жазық, кең дала. Жел жоқ. Күн шуақ. Аспанда – ақ сабынның көбігіндей, ақ мақтадай ақ бұлттар. Анда-санда шық-шық еткен торғайдың дауысынан басқа ешбір тықыр не бір үн естілмейді.

Қартқожа жазық далада. Көйлекшең, жалаңбас. Көк шөпке бауырын төсеп, күнге қарап, қошқыл маңдайынан тері шып-шып шығып, кітабын оқып жатыр.

Оның кітапқа ынталанғандығы сонша, жан-жағына да қарамайды. Анда-санда мұрнын да тартып қояды. Өзінің айдалада жатқанын да, ауылын да,

басқа дүниені де ұмытты. Оқыған сайын ажарланады. Иегін созып, көзін қадап, қағазды жеп қоятын тәрізді.

Жүсіпбек Аймауытов




3. Топқа бөлініп, мәтіннің әр азат жолындағы көркем ойларға сай тақырып таңда.



4. Суретке зер сал. Мәтіндегі жазушы қолданған сөздерді пайдаланып, әңгіме құрастыр.



5. Әңгіменің авторын ата. Сызбаны пайдаланып әңгімеле.





6. Өзіңнің оқыған кітаптарың туралы ойынды кестеге түсір.

Менің оқыған кітаптарым	Кім жазған?	Алған әсерім



4 Менің сүйіп тыңдайтын әндерім

1. Мақал-мәтелдерді түсініп оқы. Жаттап ал.

- Бірлігі жоқ ел тозады,
Бірлігі күшті ел озады.
- Саусақ бірікпей,
Ине ілікпейді.

2. Жасырын тұрған сөзді тап.

БІРЛІГІ”””” ЖОҚ”” ”””ТОЗАДЫ””Н
САУСАҚ”””” ”ЕЛ



Сал – сәнді киініп, ерекшеленіп жүретін әнші, сері.

3. Біржан сал туралы өлеңді түсініп оқы.

Біржан

Қазақта даңқы шыққан Біржан ақын
Келтірген сұлу өлең, сөздің нарқын.
Сан топта, сан жүйрікпен жарысқанда,
Келмеген қапталына ешкім жақын.




**Сәкен
Сейфуллин**
(1894–1938)

Көтеріп көкіректі ырғағанда,
Дауысын шарықтатып шырқағанда,
Дауысы алты белден естілетін,
Құлаштап домбыраны бұлғағанда.


Сәкен Сейфуллин

4. Өлеңнің авторын ата. Кестені пайдаланып әңгімеле.



 5. Әншіден сұхбат алуға дайындал. Өзің әндерін сүйіп тыңдайтын әншімен кездескен жағдайда, оған қандай сұрақтар қояр едің? Сұрақтарыңды дәптерге жаз.

6. Біржан салдың әншілігі туралы өлеңде не айтылған?

 7. Сен қандай әндерді білесің? Өзің сүйіп тыңдайтын, жақсы көретін әндерің туралы айт.

Үлгі: Мен «...» әнін сүйіп тыңдаймын. Оны ... айтады. Маған осы әншінің ... ұнайды.



5

Үйдегі бір күнім



1. Суреттерге зер сал.



Нені қызыға
орындайсың?



Нені
ұнатпайсың?



2. Уақытты дұрыс пайдаланбау, құр ойнау неге әкеліп соғады екен? Өлеңді түсініп оқы.

Апаның тілін алса егер...

Мезгілсіз жүріп күн бойы,
Мерзіммен тамақ ішпесе,

Демалыс жоқ, күнде ойын,
 Мерзіммен суға түспесе,
 Қолында мұндай баланың
 Күш болмайды, күш десе.
 Қолынан мұндай баланың
 Іс келмейді, іс десе.
 Күн-күн сайын солады,
 Шынашақтай болады.



Жақан Смақов
 (1932–1975)

Апаның тілін алса егер,
 Тамақ ішсе – іш десе,
 Демал десе – демалса,
 Суға түссе – түс десе,
 Қолында мұндай баланың
 Күш болады, күш десе.
 Қолынан мұндай баланың
 Іс келеді, іс десе!
 Шынығып өсіп, толады,
 Үлкен жігіт болады!


Жақан Смақов

3. Өлеңді кім жазған? Ол туралы не білесің? Сызбаға сүйеніп әңгімеле.




4. Өлеңді берілген бөліктер бойынша оқы. Қандай ой түйдің?

1. Уақытты дұрыс пайдалану.
2. Құр ойнау.

 5. Ойланып, өзіңнің бір тәулікке арналған күн тәртібіңді жаз. Досыңның уақыт кестесі туралы пікір білдір.

 6. Жақан Смақовтың «Апаның тілін алса егер...» деген өлеңі бойынша дәптеріңдегі кестені толтыр.

- Апаның тілін алса егер...
- Апаның тілін алмаса...

 7. Мына екі балаға қандай сұрақ қояр едің?

- Апасының тілін алатын балаға?
- Апасының тілін алмайтын балаға?



Өзім туралы өзім айтамын

1. Өзіңді жақсы жағыңнан қалай таныстырар едің?

Үлгі: Мен мейірімдімін.
Өйткені ...
Мен өнерлімін.
Өйткені ...
Мен шыншылмын.
Өйткені ...

2. Өлеңді түсініп оқып, жаттап ал.

Не үшін?

- Екі көзің не үшін керек?
- Жақсыларды көру үшін!
- Екі қолың не үшін керек?
- Елге көмек беру үшін!
- Құлақ деген не үшін керек?
- Ақыл-кеңес тыңдау үшін!
- Жүрек деген не үшін керек?
- Жауларымнан қыңбау үшін!
- Тіл мен жағың не үшін керек?
- Ақиқатты айту үшін!
- Ал аяғың?..
- Шетте жүрсем,
Туған жерге қайту үшін!



Қадыр Мырза Әли
(1935–2011)

Қадыр Мырза Әли




Қыңбау – қорықпау.


3. Сызбаны пайдаланып, автор туралы әңгімеле.



4. Өлеңдегі қара әріппен жазылған сөздерді дауыс ырғағын дұрыс қойып, мәнерлеп оқы.

 5. Кестедегі сұрақтарға жауап бер.

Сұрақ	Ақынның жауабы	Сенің жауабың
1. Екі көзің не үшін керек?		
2. Екі қолың не үшін керек?		
3. Құлақ не үшін керек?		
4. Жүрек не үшін керек?		
5. Тіл мен жағың не үшін керек?		
6. Аяқтарың не үшін керек?		

 6. Айнаға қарап, өзіңді сипатта. Мәтіндегі ақынның сөздерін пайдалан.



Үлгі: Менің көзім қара. Көздерім жақсыларды көру үшін керек.



7

Мен туралы сен не айтасың?



1. Жаныңдағы досың туралы не айта аласың?

2. Мәтінді түсініп оқы.

Қонжық пен көжек

(Ертегі)

Бірде қоянның көжегі енесіне келіп шағыныпты.

– Аюдың қонжығы мені «бадырақ көз» деп мазақтайды, – дейді жыламсырап.

Енесі:

– Одан басқа не деді? – дейді.

– «Қалқан құлақ, қыли көз!» – дейді.

– Сен оған не деп едің?



– Мен бе, мен... – дейді көжек тұтығып, – ештеңе де айтқаным жоқ...

– Сен үндемей тұрғанда, өзі келіп тиісті ме?

– Оны көрген кезде мен: «Қорбаңбай!» – деп едім...

– Көрдің бе, әне! – деп ескертеді енесі. – Алдымен өзің тиісіпсің ғой. Мазақтап ренжіткенсің. Ол мазақтаса, ыза болып, арыз айтасың. Бұл – ұят емес пе?

Сонда көжектің басы салбырап, үнсіз қалыпты.



3. Мәтінге сүйеніп, ауызша жауап бер.

Аңдар	Олар туралы мәтіндегі пікір	Сенің пікірің
Көжек		
Қонжық		

4. Мәтіннен өзіңе қандай сабақ алдың?



5. Досыңның қандай қылығын ұнатасың? Ал несімен ұнамайды? Пікір білдір.



6. Мақтау сөздерден тұратын диалог құраңдар.



8

Менің сәби кезім



1. Берілген әзіл өлеңді қарасөзбен әңгімеле. Өз ба-
сыңнан өткен осындай күлкілі әрі қызықты оқиға бол-
са, есіңе түсір.

Көрінбейді Алатау

Біржан кірді самарқау:

– Күн жоқ, – деп, – сыртта бұл шақта.

Көрінбейді Алатау,

Кетіпті, – деп, – бір жаққа.

Оразақын Асқар

2. Мәтінді түсініп оқы.

Үяда не көрсең...

Тағы бір жай ойыма оралады...

Киіз үйдің төрінде бір топ ауыл ақсақалдары
жамбастай жайғасып, баппен қымыз ішіп отыр
екен. Әкем дастарқан шетінде қымыз құйып отыр.
Ол мені ымдап шақырды да, құлағыма: «Сен, не-
мене, аталарыңа сәлем беруді ұмытпа дегенім қай-
да?» – деп сыбырлады.

Мен қатты қызарақтап, үйден шыға жөнелдім.

Сыртта біраз тұрдым да, нық басып үйге қайта
кірдім. Көпшілікке қол қусырып тұрып:

– Ассалаумағалейкүм, аталар! – деп әр сөзді қа-
дап-қадап айттым.



**Бауыржан
Момышұлы**
(1910–1982)

Бұған, әрине, бәрі күлісіп жатыр. Әйткенмен мені өкпелетіп алмас үшін, бәрі де бірауыздан: «Әлейкүмсалам!» – десті.

Сонан соң әрқайсысы маңдайымнан сипап мақтайды. Жақсы сөзге мәз болып, мен әкемнің тізесіне жайғасамын. Ол басымнан сипап отырып:

– Жарайсың, балам! Үйге кіргенде әрқашан үлкендерге сәлем беруді ұмытпа! Әдепті бала сөйтеді, – дейді.

Бауыржан Момышұлы

3. Әңгіменің авторын ата. Сызбаны пайдаланып әңгімеле.



4. Бауыржан ата қай кезін еске алады? Ол қандай оқиғаға байланысты?



5. Мәтіннің ең соңғы екі сөйлемін жазып ал. Мұны кім айтқан?



6. Берілген сұрақтардың төңірегінде әңгімелесіңдер.

- Ең алғашқы естіген ертегіңді ата.
- Сурет салуды қалай үйрендің?
- Жазуды ше?



7. Балаларға арналған басылымдардан «Бала тілі – бал» деген атаумен берілетін өзілдерді жинастырып, достарыңа айтып беруіңе болады. Айтуға дағдылан.



Жаңалыққа құмармын

1. Абай атаның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін есіңе түсір. Ақынның ойын өз бетіңше жалғастырып айт.

2. Өлеңді түсініп оқы.

Жас техник

Жас техник дегендер –
Жай балалар демендер,
Техника тетігін
Меңгерген шеберлер.

Жас техник дегендер –
Жай балалар демендер,
Электрді ерттеген
Ержүрек ерендер.

Жас техник дегендер –
Жай балалар демендер,
Радионы басқарған
Өнерлі өрендер.



Бүркіт
Ысқақов
(1924–1991)



Жас техник дегендер –
Жай балалар демендер,
Ғарышқа жол салар
Солар болар кемеңгер!

Бүркіт Ысқақов

3. Сызбаға сүйеніп, өлеңнің авторы туралы әңгімеле.






4. 22-беттегі суретке зер сал. Суреттегі балаларды сипаттап айт.



5. Ақынның ойын жалғастыр.

Жас техник дегендер

инженер



6. «Жаңалыққа құмармын» деген тақырып бойынша қандай сурет салар едің? Түсіндір.



10

Мен ұнататын жан-жануарлар

1. Күшікке қатысты мына үш сұраққа жауап беріп көр.

Қайда? – *Күшік* сөзін қайда, қандай мағынада кездестірдің?



Қалай? – *Күшік* сөзі көз алдыңа нені елестетеді?
Қандай? – Суреттегі күшікті сипатта. Алда оқитын мәтіннің не туралы екенін болжа.



2. Өзің сипаттаған күшік пен төменде берілген мәтіннің арасындағы байланысты анықта. Түсініп оқы.

Өкініш

Аңсардың сабалақ жүнді ақ бауыр күшігі бар еді. Өзі иісшіл. Жасырынбақ ойнағанда Аңсарды демде іздеп таба қояды. Үнемі соңынан еріп жүреді.

Қазір де соңынан келе жатыр. Аңсар ойнап жүрген көп балаға қарай келеді. Ол бір шикіл сары баланы көріп қалды. Өлгі бала қолына қолқылдатып әкесінің сағатын тағып алыпты. Сәлден соң бала шынжыр баулы алтын теңгедей сағатымен ойнай бастады. Ойыншық мәшинесіне салып алып, шапқылады кеп.

Аңсар біраз қызықтап қарап тұрды. Қасына келіп: «Сағатыңды менің күшігіме айырбастайсың ба? Бұл – ақылды күшік», – деді.

Күшік, шынында, әдемі еді. Өлгі бала келісе кетті. Күшігін Аңсар да жақсы көретін, бірақ күшігінің қайтып келетініне кәміл сенді.

Ол сағат қолына тиісімен, қуанышы қойнына сыймай, өз ауласындағы балаларға жетті. Күн батуға таяп қалған еді. Сағаттың тілі он екіде тұр. Балалар бұрап еді, бұралмады. Құлағына тосса да, былқ етпеді.

- Бұзылған сағат, мұны қайдан алып жүрсің? – деді олар.
 - Күшігіме айырбастап алдым.
 - Бұзылған ескі сағатқа ма?!
 - Бұзылған болса, мейлі. Күшігім үйге қазір-ақ қайтып келеді, – деп жұбатты Аңсар өзін.
- Бірақ күшігі қайтып келмеді.

Дәулет Қасенов

3. 2-тапсырмада берілген мәтіннің қалай аталғанына мән бер. Неліктен осылай аталған деп ойлайсың? Дәлел келтір.



4. Сен қалай атар едің? Ойыңды дәлелдеп көр.



5. Аңсардың қылығына өз көзқарасыңды білдір.



6. Өзіңе ұнайтын жан-жануар туралы өлең құрастыр.



1-жолда 1 сөз ғана беріледі (зат есім).

2-жолда тақырыпты 2 сөзбен сипаттау (сын есім).

3-жолға тақырыпқа қатысты 3 қимыл атауын жазу (етістік).

4-жолға 4 сөзден тұратын сөйлем жаз.

5-жолға тақырыппен мәндес 1 сөз (синоним) жаз.

Үлгі: Ит
 Ақылды, сақ
 Қорғайды, күзетеді, үреді
 Ит – адамның сенімді досы.
 Жануар



11

Менің сүйікті тағамым



1. Қандай тағамды ұнатасың?

2. Жаңылтпашты жаңылмай айтуға дағдылан.

1. Есет атам ет асатар,
Ет асатса, бес асатар.

2. – Мынау балқаймақ – қай балқаймақ?
– Бұл балқаймақ – май балқаймақ.

3. Өлеңді түсініп оқы.

Сусын туралы жыр



Тоқаш
Бердияров
(1925–1988)

Жаз айында, шілдеде
Қатты ысиды күн неге?
Бәріміз де шөлдейміз,
Шөл басуды жөн дейміз.

Сусынға бай халқымыз,
Қандай тәтті бал қымыз!
Шалап, қатық, айран бар,
Ішіп алып ойнаңдар!

Іздегенге сусын көп...
Көже ішеді Тұрсынбек.
Көрдiңдер ме Қуатты,
Ұнатады ол шұбатты...


Өзіміздің Инабат
 Ішеді ылғи лимонад.
 Жәмиланың жалғыз-ақ
 Іздегені – балмұздақ.
 Сусынға бай халқымыз,
 Қандай тәтті бал қымыз!
 Айтқанымды істендер:
 – Тек шикі су ішпеңдер!


Тоқаш Бердияров


4. Өлеңнің авторын ата. Сызбаны пайдаланып әңгімеле.




5. Өлеңдегі балаларды атаңдар. Олар нені ұнатады екен?

 6. Өлеңге сүйеніп, сызбаны толтыр.



 7. Мектеп асханасында тамақтың түрлері көп-ақ. Үзілісте қандай тағамды алар едің? Неліктен? Тағы қандай тағамның болғанын қалайсың? Досыңның таңдауы туралы пікір білдір.



 8. «Тамақтану ережесін» толықтыр.

Тамақтану ережесі



1. Тамақтанарда алдымен қолыңды жу.
2. ...
3. ...
4. ...



12

Менің киімдерім

1. Мысалды түсініп оқы.

Көйлек хикаясы

Арман таңнан заулайды,
Тайбурылдан аумайды.
Төбешіктен қарғиды,
Көк шалғынға аунайды.

Алаөкпе боп ес кетіп,
Етек, жеңі бос кетіп,
Арман үйге алқынып,
Оралады кештетіп.

Аппақ көйлек көк болған,
Көп түймелер жоқ болған.
Шынтақтары сырылып,
Шашына шаң, шөп қонған.

Бірден бәрін байқаймыз.
 Байқап, басты шайқаймыз.
 Болған жайды айтады
 Ақырындап айқайсыз:

– Қуып едім көбелек,
 Бөгет болды бөгелек.
 Іліп кетті ербеңдеп,
 Етегімді ебелек.

– Ал көйлегің неге көк?
 – Көк болған соң керемет.
 Жарасып тұр емес пе?!
 Ағараңдап не керек?

Қысылмайды, күлмейді,
 «Бояғаным – бұл», – дейді.
 Анасының күнде кір
 Жуатынын білмейді.

Абдырахман Асылбеков

2. Өлеңнің авторын ата. Сызбаны пайдаланып әңгімеле.





3. Көбелек, бөгелек, ебелек. Суреттерде не бейнеленген?



4. Өлеңдегі баланың іс-әрекетіне баға бер. Сен оған киімін күтіп кию туралы қандай кеңес берер едің?



5. «Кім жылдам?» ойыны. 1 минутта киімдерді топтастыр да, оларға жалпы атау бер.



6. Қандай түсті киім кигенді ұнатасың? Неліктен? Жақсы көретін киімің туралы әңгімеле.



7. Мысалдан қандай үлгі алдың? Үш сөйлемнен тұратын ой толғау жаз.



13

Менің сүйікті ойыншықтарым

1. Ойыншықпен ойнағанды ұнатасың ба? Неліктен?
2. Өлеңді түсініп оқы.

Менің кеме

Кеме жасап әуре болдым бірер күн,
Сосын оны өзенге әкеп жібердім.

Құстардың мен білемін не жейтінін,
Олар үшін салдым дәннің кей түрін.

Құрт та салдым балықтарға арнап мен,
Басқа сыйым бір-ақ сыймай қалды, өттең!

Аттандырдым жүк тиелген кемеңді,
Балық, құсты қуантуға ол жөнелді.

Басқарар ем капитан боп төзімді,
Кемең бірақ көтермейді өзімді.

Ертай Ашықбаев



Төзімді – шыдамды.



3. Суретке қарап, өлеңді қарасөзбен әңгімеле.



4. «Кім боламын?» ойыны. Өскенде кім болғың келетінін қимылмен көрсетуге тырыс. Ойыншығыңды пайдалануға болады. Қарсы жұп шешуін тапсын.



5. «Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбына әңгіме жазуға дайындал.



Мен ... ойнағанды ұнатамын. Өйткені Өскенде ... болғым келеді.



14

Менің үйім

1. Жұмбақтарды шеш.

1. Ұқсайтын шеңберге
Қабырғасы жиылып, керіледі.
Жиһазы мол бөлме,
Төбесінен жұлдыздар көрінеді.

2. Бассаң бір түймесін,
Есігі ашылған.
Керемет күймесі
Кісіні тасыған.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Абайдың шаңырағы

Үй ішіне кіргеннен кейін Әуез де көпке дейін үнсіз бір орында тұрып қалды. Оң жақта сүйек төсек тұр. Одан жоғары орналастырылған кітап шкафы, әсіресе үш ішекті домбыра Әуездің көзіне жылы ұшырап, ыстық көрініп кетті.

Төр алдында жазылған қызыл күрең кілемнің үстіндегі жеке-жеке қонақкөрпелер мен дөңгелек үстел Абайдың да алыста жүрмегенін аңдатқандай сезім құшағына бөледі. Қазір, қазір-ақ Абайдың «Нағашы, төрлетіңіз!» деген қоңыр дауысы естілетін сияқты.



Қатты толқуға түскен Әуез:

– Алда, қарағым, Абайжан-ай! – деп қалды.

Үлкен адамның қобалжыған күйін аңғарған
Кәрім:

– Ау! – деп сөз аралатты. – Нағыз сахараның ақ
күмбезі ғой – мынауыңыз.

Көз талдыра жан-жағына қарасқандардың үн-
сіздігін әлден соң Әуез бұзды:

– Қайырлы болсын! Біз бұдан артық не тілейміз,
бәріңе де рақмет!

Осылайша тілек еткен Әуез төрге шығып, жайлас-
қан еді.

Кәмен Оразалин



Алаша – қой жүнінен тоқылған төсеніш.

Сүйек төсек – жақтауларына сүйектен өрнек салып, өшекейленген ағаш төсек.

3. Мәтіннен Абай атаның үйін сипаттайтын сөздерді тап.



4. Салыстыра отырып, кестені толтыр.

Абай атаның үйі	Сенің үйің
Киіз үй	...
Үйдегі заттар	...



5. Өз бөлмеңнің қандай болғанын қалайсың? Өңгімелеп айт.

6. Ойланып жауап бер.

Бір оқушы көп қабатты үйдің он алтыншы қабатында тұрады. Лифтімен көтерілгенде оныншы қабаттың түймесін басады. Әрі қарай жаяу барады. Ал төмен түсерде бірден бірінші қабаттың түймесін басады. Неліктен деп ойлайсың?



15

Не үйрендім?



1. Төмендегі сөздердің байланысын анықта.



Көз не үшін керек?

Аяқ ше?

Екі қолың не үшін керек?

Жүрек ше?

Тіл не үшін керек?

Құлақ ше?

Жауларымнан қорықпау үшін.

Ақиқатты айту үшін.

Шетте жүрсем, туған жерге қайту үшін.

Ақыл-кеңес тыңдау үшін.

Жақсыларды көру үшін.

Елге көмек беру үшін.

2. «Алдымен өзің тиісіпсің. Мазақтап, ренжіткенсің» деген кейіпкерді ата.



3. Бала Бауыржанның әкесі айтқан ақыл сөзді есіңе түсір.



4. Кестедегі сұрақтарға жауап бер.

Апасының тілін алмайтын бала	Апасының тілін алатын бала
Не істейді? Қандай болады?	Не істейді? Қандай болады?

5. Берілген суреттер қандай шығарманы есіңе түсіреді?




6. Қазақ халқының ұлттық тағамдарын ата.




7. Суреттер қандай шығарма бойынша берілген?



8. Осы қатарға тағы қандай суреттер жетіспейді?

 9. Шешуі кітап сөзі болатындай жұмбақ құрастырып көр.

 10. Осы суретке қарап, оқыған шығармаңды есіңе түсір.





МЕНИҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ



16

Менің отбасымдағы адамдар



1. Сөзжұмбақты шеш. Туыстық атауларды есіңе түсір.

1	О				
2		Т			
3	Б				
4	А				
5	Т			С	
6	Қ			Ы	

1. ... отбасынан басталады.
2. Әкеңнің әкесі –
3. Сен әкеңе кім боласың?
4. Мейірімді жан –
5. Ағайынды адамдар бір-біріне
6. Ұлдан кіші қыз бала –

2. Мәтінді түсініп оқы.

Немере

Ақай әкесіне өкпелеп көрген жоқ еді. Өйткені әкесі оның сұрағанын беріп, тілегенін орындайтын.

Осыған орай Ақай да сабақты жақсы оқитын. Бірақ ол мұны әкесіне айтып мақтанбайтын. Себебі әкесінің онымен сөйлесетін уақыты жоқ. Ақай алған бағаларын көрсетейін деп дәптерін аша

бастаса-ақ, ол: «Жарайды, жарайды, мамаңа көрсет!» – деп қолын бір-ақ сілтейтін.

Бір күні Ақайдікіне ауылдағы әжесі келді. Кешке үй іші тегіс үстел басына жиналған кезде әжесі:

– Ал, Ақайжан, қалай оқып жатырсың? – деп сұрады.

Ақай аузын ашып үлгергенше әкесі жауап берді.

– Не қалайы бар, «оқу» деген аты болмаса, бұлардікі әлі былжырақ қой, – деді ол қолындағы газеттен көз алмай.

Бұл жауап Ақайдың меселін қайтарып тастады. Өйтпегенде ше?! Ақай әжесіне дәптерлерін ашып, алып жүрген жақсы бағаларын көрсетейін деп отыр еді.

Ол аузы бұртиып, әкесіне қарап еді, әкесі мұны елемегендей, әрі қарап кетіпті. Ақай ыза болып: «Өзі білмейді де...» – деп іштей күбірледі.

Осы кезде көзі күлімдеп анасы орнынан тұрды. Ол кітап сөресінен үлкен бір кітапты алды да, ұлының алдына әкеліп қойды.

– Ақайжан, айналайын, әжеңе «Қобыландыны» оқып берші жақсылап, – деді анасы.

Ашуланып отырған Ақай алғашында көңілісіз бастағанмен, лезде-ақ дауысын түзеп алды. Нақышына келтіріп, мүдірместен заулата жөнелді.

Немересінің бұл өнеріне сүйсінгендіктен, нұры тайған көзі жасаурап кеткен әже:



Өзілхан
Нұршайықов
(1922–2011)

– Адам болыпты ғой менің құлыным! – деп бауырына тартып, емірене сүйді.

Әзілхан Нұршайықов



Меселін қайтару – көңілін түсіру.

3. Әңгіменің авторын ата. Сызбаны пайдаланып, автор туралы әңгімеле.



4. Мәтіндегі отбасы мүшелерін ата.

5. Мәтіндегі әжесінің, анасының Ақайды еркелеткен сөздерін тап. Сені қалай еркелетеді?

6. Мәтіндегі оқиғаға сәйкес кейіпкерлер арасында диалог құра. Қимылмен ойнап көрсет.

I топ:




II топ:



III топ:




-  7. Осы әңгіме бойынша сен қандай сурет салар едің?
Түсіндір.



17

Жеті атамды білемін

1. «Жеті» санын естігенде, естеріңе не түседі?



2. Мәтінді түсініп оқы.

Елтанудың басы

Әкем маған ататегіміздің аты-жөнін үйретуші еді.

- Мен – Момыштың ұлымын.
- Момыш кімнің баласы?
- Момыш – Имаштың баласы.

Осылайша, жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады.

Ал келген қонақ, ең алдымен, атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін.

Елтанудың басы, ең алдымен, осылай басталатынын ол кезде кім білген?!

Бауыржан Момышұлы



Ататегі – арғы аталары.



3. Мәтінді басқаша қалай атар едің? Неліктен?

4. Мәтіннің ең соңғы сөйлемін қайталап оқы. Жазушының ойын пайдаланып, нақыл сөз құрастыр.

«Елтану» деген ...

5. Бір-біріңмен ататектерің туралы сөйлесіңдер.

- Сен кімнің баласысың?
- Әкеңнің әкесі кім болған?
- Атаңның атасы ше?

6. Берілген ретпен жеті атаңды ата.

Алға қарай: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене.

Кейінге қарай: бала, әке, ата, арғы ата (үлкен ата), баба, түп ата, тек ата.



7. Нақыл сөздерді дәптеріңе жазып алып, мағынасын түсіндіріп айт.

- Жеті атасын білмеген – жетесіз.
- Жеті атасын білген ұл
Жеті жұрттың қамын жер.
- Жігітке жеті өнер аз,
Жетпіс өнер көп емес.



18

Ата-анамды құрметтеймін

1. Қазыбек бидің сөзін жатқа айт:

Құт-берекең – атаң қымбат,
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат.

2. Түсініп оқы.

«Қабуснаме» – ертеде жазылған үгіт-насихатқа толы кітап. Оны жазған адамның есімі – Кей-Қаус. Ол бұл кітапты өзінің ұлына арнап жазған.

3. «Қабуснамеден» келтірілген үзіндіні түсініп оқы.

Ата-ананы құрметтеу туралы

Ей, перзентім, ата-ананы құрметтеуің қажет екенін ақыл-ой, парасат тұрғысынан байқап білгейсің. Өйткені әрбір перзенттің тегі – ата-ана ғой. «Не үшін ата-анама құрмет жасаймын?» деп ойыңа алма.

Ей, перзентім, ата-анаңды ешқашан ренжітуші болма... Олардың көңіл күйіне қаяу салып, қапаландырмағын.

Сені жан-тәнімен жақсы көріп, тәрбиелеп жүрген ата-анаңның көңілін қалдыратын құрттай іс жаса-саң, сен ешбір жақсылыққа лайықты жан емессің. Өйткені кімде-кім ата-ананың жақсылығын білме-се, басқа біреудің жақсылығын да бағаламайды. Егер сен «Перзентім мені құрметтесін десең», сен де ата-анаңды құрметте. **Сен ата-анаңа не істесең, саған перзентің де соны жасайды.** Перзент жеміске, ата-ана жеміс ағашына ұқсайды. Жеміс ағашын жақсы күтсең, жемісі де дәмді, жақсы бо-лады. Сол сияқты ата-анаға деген ізет, құрметінді аямасаң – саған деген олардың ізгі тілегі қабыл болғаны.

Кей-Қауc

Парсы тілінен аударған Тұрсынәлі Айнабеков



Перзент – бала.

Парасат – сана, ақыл-ой.

Қаяу – реніш.

4. Мәтінді төмендегідей бөліктерге жіктеп, әр бөліктің шегін тауып оқы:

1. Ата-анаңды құрметте.


2. Ата-анаңды ешқашан ренжітуші болма.

3. Ата-анаңа не істесең, саған перзентің де соны істейді.

5. Осы бөліктердің бірін (қалауыңша) жаттап ал.



6. Ата-анаң саған қандай ақыл айтады? Тізіп жаз.

 7. Ойланып, «Ата-ананы қалай құрметтеу керек?» деген сұраққа бірнеше жауап жаз.



19

Үлкен болған кезімде Сыйлы болам өзім де

1. Нақыл сөздің мағынасын түсіндіріп көр.

Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Атасы мен немересі

Ата қартайып, күші кеміді: нашар көретін, нашар еститін болды, ішкен тамағын алдына төгетін болды. Не үшін десеңіз, оның аяқ-қолы кәріліктен қалтыраушы еді.

Шалдың бұл ісі баласы мен келініне ұнамады. Олар шалдың алдына жаман дастарқан жайып, тамақты жаман ыдысқа құйып, бөлек беретін болды. Немересі өзінің әкесіне «Атамды бөлек отырғызба!» деуге бата алмайды.

Бір күні ол ағаш жонып отырады. Әкесі көріп: «Шырағым, не ғып жатырсың?» – дейді. Сонда баласы: «Аяқ істеп жатырмын. Шешем екеуің атама ұқ-



Спандияр
Көбеев
(1878–1956)

сап қартайғанда, сендерге тамақты осы аяққа құйып беремін», – дейді.

Бұл сөзді естіп, шалдың баласы ұялып, әкесін бөлек отырғызып тамақ беруді қояды.

*Спандияр Көбеев
(Лев Толстойдың ізімен)*



Аяқ – үлкендеу жайпақ тостаған, тостақ.

3. Мәтіннен әкесі мен баласының сөздерін тауып оқы.
4. Баласының неге осылай айтқанын түсіндір.
5. Өлеңді тыңдап, жаттап ал.

Кім ойлап тапқан?

Ең аяулы сөздерді
Жақсы көріп,
Жаттадым.
Енді білдім
Оларды
Кімнің ойлап тапқанын.
«Ана» деген сөзді де,
«Аға» деген сөзді де,
«Әке» деген сөзді де,
«Көке» деген сөзді де,
«Тәте» деген сөзді де,
«Ата» деген сөзді де,
«Апа» деген сөзді де
Ойлап тапқан – балалар!

«Күнім»,
«Жаным» дегенді,
«Құлыншағым» дегенді,
«Ботақаным» дегенді,
«Айналайын» дегенді,
«Толған айым» дегенді
Ойлап тапқан – Аналар!
Мұны біле бермейді
Бізде кейбір балалар.

Қайрат Жұмағалиев



6. Өлеңдегі ақын атаған аяулы сөздерді екі топқа бөліп, дәптеріңе тізіп жаз.

7. Отбасыңдағы үлкендерге ең жылы сөздеріңді арна.

Мысалы: Ардақты анам
Ең сүйікті ...
Аса қадірлі ...
Ең қымбатты ...



20


Әжетайым менің

1. Түсініп оқы.

Күннің шуағы жылы.
Ананың құшағы жылы.

2. Сөзжұмбақты шеш.

1. «Күшті» сөзін басқаша қалай айтады?
2. Ананың құшағы қандай?
3. Көп нүктенің орнына сөз қой: ... – асқар тау.



3. Ақын Фариза Оңғарсынованың әже туралы өлеңін мәнерлеп, түсініп оқы.

Әже



**Фариза
Оңғарсынова
(1939–2014)**


Тентек болсам, ашынып,
Жақсы іс қылсам, асырып,
Маған сақтап жүреді
Тәттіні де жасырып.

Тосып тәтті дәмдерін,
Ол бар жерде бал жедім.
Мен ұйықтарда айтады
Ертегісін, өндерін.
Біздің үйде осындай
Әжетайым бар менің.

Фариза Оңғарсынова

4. Өлеңнің авторын ата. Сызбаны пайдаланып әңгімеле.




 5. Ақын қолданған сөздерге назар аудар. Кестені дәптеріңе толтыр.

Ақын қолданған көркемсөздер	Мағынасы
...	ренжіп, ашуланып
...	мақтап, шаттанып

6. Өлеңді жаттап ал.

7. Өлеңге өуен таңдап, әндетіп айтып көр.

 8. Өлең жолдарын өз бетіңше жалғастыр (ұйқасқа берілген кестені пайдалан).



Әже

Мен ұйықтарда айтады ■
 Ертегісін, әндерін. ●
 ... ■
 ... ●



21

Сүйікті әжем

1. Қ. Жұмағалиевтің «Кім ойлап тапқан?» деген өлеңін есіңе түсір. Отбасындағы балалардың аяулы сөздері қандай? Аналардың ше?

2. Мәтінді түсініп оқы.

Айгүлдің әңгімесі

Сіз ғой мені «көкем мен тәтемнің қызы» деп ойлайсыз. Шындығында, мен әжемнің баласымын.

Әжем:

– Сені көр де балауса қыз кезімдегі мені көр. Мен де кезінде сен сияқты ерке едім, – дейтін шашымды тарап отырып.



– Әжең кезінде бүкіл ауылға «ерке келін» атанған. «Бетің бар, жүзің бар» демей, не ойласа, соны айтатын турашыл адам. Немере деген бауыр еті баладан гөрі ыстық. Көңілін қалдыра көрме, Айгүлжан! – дейтін көкем де.

Ой-ой, әжем зейнетақысын алған күні бір байып қалушы едік! Таңғы асты іше сала көйлектерімнің ең әдемісін өзі таңдап, қолыма ұстатады. Мені сәндеп болған соң, сары жезді сандықта сақтаулы жатқан бар асылы мен жасылын киіп алады. Көзілдірігін мұрнының үстіне іледі. Ақшасын орамалға түйіп, менің қалтама салады. Сөйтіп, екеуіміз іркесіп-тіркесіп көшеге шығамыз. Ол кісі ғұмырында автобусқа отырмайды. Бір жүріп, екі тоқтап, әрең дегенде «Балалар әлеміне» жетеміз де, ішке кіреміз.

– Ал не алушы ең? Айт, көне! – дейді әжем.

Әжекем, қызық болғанда, мен нені нұсқасам, бәрі «Айгүлжанға өте, өте қажет» деп ойлайды. Бұл қасиетін мен де барынша пайдаланып бағамын.

Өрлі-берлі бұрылып, сөрелерге көз жіберіп тұрамын да:

– Қуыршақ сатып алайық! – деймін төбеден түскендей.

– Не дейді?

Әжем аң-таң.

– Міне, мынадай үлкенін!



Құшағымды жайып көрсетемін. Әжем маған біраз қарап тұрады.

Аздан соң түсі жыли бастайды.

– Е, айналайын-ай, сәби кезіңді сағынған екенсің! Ал, ала ғой. Айнымай маған тартқансың. Мен де «ерке қыз» атанған едім.

Жадырап сала беремін. Әжем аузынан «Айнымай маған тартқансың» деген сөз шықса, бітті: қалағаныңды алып береді...

Марат Қабанбай

3. Әңгімені кім жазған? Кестеге сүйеніп әңгімеле.



4. Әңгіме кімнің атынан баяндалған? Ол қандай оқиғаны еске алады?



5. Мәтіндегі отбасына қатысты аяулы сөздерді ата. Отбасындағы адамдардың әжені ренжіткісі келмейтінін неден аңғардың? Дәлелдер келтір.



6. Мәтіннен дүкенге жиналған әже мен немере суреттелген тұсты тауып, қайталап оқы. Осы үзіндіге қандай сурет салар едің?



7. Айгүлдің іс-әрекетіне өз көзқарасыңды білдір. Оның орнында сен болсаң, не істер едің?



8. Мәтінге төмендегі жоспар келе ме? Жоспар бойынша мәтінді әңгімеле.

1. Әкенің өтініші
2. Зейнетақы алған күн
3. Дүкенде
4. Әжекем



22

Мәпелейсің мені, анам!

1. Жаттап ал.

Ақ сүт берген ананың
 Балада хақы көп болар.
Ана деген мейірлі,
 Сыйлай гөр, балам, анаңды!
Ата деген қадірлі,
 Сыйлай гөр, балам, атаңды!

«Алпамыс батыр» жырынан



Хақы – мұнда: еңбегі.

2. Түсініп оқы.

Ақ шаш

Миша анасының басынан үш тал ақ шаш көрді.
 – Ана, басыңда үш тал ақ шаш бар екен, – деді.
 Анасы езу тартып күлді де қойды.

Бірнеше күн өткен соң Миша анасының басына тағы бір тал ақ шаш түскенін байқады.

– Ана, – деді Миша таңданып, – басыңда ақ шаш төртеу болыпты... Бұрын үшеу ғана еді ғой. Неге тағы біреуі ағарып кеткен?

– Ауырғаннан, – деді анасы, – ананың жүрегі ауырса, шашы ағарып кетеді.

– Жүрегің неден ауырады?

– Есіңде ме, сен өте биік ағаштың басына өрмелеп шықтың ғой... Мен оны терезеден көріп тұрғанмын. Сенің жіп-жіңішке бұтақта тербеліп



тұрғаныңды көріп, жүрегім ауырып кетті. Содан шашым да ағарды.

Миша үнсіз ойланып, ұзақ отырды. Сонан соң анасына келіп, құшақтады да:

– Ана, мен жуан бұтақта отырсам, шашың ағармас па еді? – деп сұрады.

*Василий Сухомлинский (орыс жазушысы)
Аударған Қ. Мұсағалиев*

3. Мәтіндегі негізгі ой қандай мәселеге құрылғанын белгіле.

1. Ананың шашының ағаруы.
2. Ананың баласын жақсы көруі.
3. Баланың ағашқа өрмелеуі.

4. «Ананың көңілі балада, Баланың көңілі далада» деген нақылдың мәтінге қатысы бар ма? Өңгімелеп көр.



5. Дәптеріңе анаңды қуантатындай 5 сөз ойлап жаз.



23

Кішілерге қамқормын

1. «Бесік жырын» өнімен айт.

Бесік жыры

Әлди, бөпем,
 Сұңқарым!
 Талпынған тай-тұлпарым!
 Бесік жырын жырладым
 Ұйықтасаң да,
 Іңкөрім!
 Сені жырлап толғанам,
 Қуат бердің сен маған!
 Бесігіңді тербетсем –
 Тербеледі
 Кең далам!



Қайрат Жұмағалиев

2. Мәтінді түсініп оқы.

Қолғанат

Сәкен шаруаға ұқыпты болды. Үстін тап-тұйнақтай, таза ұстайтын еді. Ағайынды жетеуіміз. Сәкен бөрімізден үлкен. Жаздыгүні ол бізден бұрын оянады да, ұй шаруасына көмектеседі. Біз оянып, далаға шыққанда Сәкен есіктің алдында жүреді.

Сонан соң бәріміз мөлдір бұлақтың басына барамыз да жуынамыз.

Сәкен әуелі кішкентай қарындастарымыз – Рахима, Халима, Сәлималарды жуындырады. Шаштарын тарап, өріп береді. Сонан кейін барып өзі жуынады. Біздің күндегі әдетіміз – осы. Қайтадан қаз-қатар тізіліп алып, ауылға қарай жүреміз.

– Айналайын, менің ақ қыздарым, – деп анамыз – Жамалбике есік алдынан бізді қарсы алады. Сәкеннің маңдайынан сүйіп жатып:

– Қолғанатым менің! – дейді.

Рахима, Халима, Сәлималар мұнтаздай тап-таза болып, тамаққа отырады.

Мәжит Сейфуллин

3. Есіңе сақта.

Әңгімені жазған – Мәжит Сейфуллин. Ол – ақын өрі жазушы Сәкен Сейфуллиннің інісі.



4. Мәтіндегі оқиғаға сүйеніп, бала Сәкенді сипатта.

5. Мәтінді басқаша қалай атауға болады?

6. Бала Сәкеннен қандай үлгі алдың? Өзің кішілерге қалай көмектесіп жүрсің?



7. Үлкендерден «Қолғанатым менің!» деген мақтау сөз еститіндей үш түрлі оқиға ойластырып, әңгімеле.



24

Досыммен мақтанамын



1. Нақыл сөздердің жалғасын тап.

1. Күлме досыңа,

2. Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті

2. Мәтінді түсініп оқы.

Жанкүйерлер

Екі самайынан тер моншақтары сорғалаған қара домалақ бала құйындай үйіріліп, қақпаға жақындай түсті. Соңғы шабуыл. Ең шешуші сәт.

– Ал-мас-с!

Футбол алаңын қоршап тұрғандар шулап қоя берді. Жанкүйерлер сенімін қалай да ақтау керек. Намысқа тырысқан Алмас жанұшыра алға ұмтылды. Жолын кес-кестей алдынан шыққан ойыншыларға бөгелер емес. Бір қорғаушыны айналып өтті, екіншісін ..., үшіншісін ... Өне – қарсыластар қақпасы. Алмас оң аяғын шірене сілтеп қалды.

– Го-о-л!

Теңбіл доп тор ішінде бұлқынып жатты. Осы сәтті күтіп тұрғандай төреші ысқырды. Ойын аяқталды. Тұс-тұстан алаңға қарай лап қойған жанкүйерлер жүгіріп жеткен бойда Алмасты жерден тік көтеріп алды.



– Жарайсың, Алмас!

– Біз саған ризамыз!

Бұл жеңіске денешынықтыру пәнінің мұғалімі Ғабит ағай елден ерекше қуанды.

– Біз бүгін досымызды әбден қыдыртамыз! – деді Әбен.

Сол-ақ екен, оны қостаушылар көбейді.

– Дұрыс, бәріміз киноға барайық!

– Суретке түсейік!

– Ең қызығы, чемпионды балмұздаққа бір тойдырайық!

Достары озат футболшы үшін ештеңесін аяр емес. Қалталарындағы соңғы ақшаларын жинастырып, ортаға салды.

Әлібек Файзуллаев

3. Алмастың жанкүйерлерін ата. Мәтіннен олардың сөздерін тауып, ырғағына келтіре оқы.



4. **Нағыз достық** дегенді қалай түсінесің? Ойыңды мәтіндегі оқиғаға қатысты жүйелеп жаз.



5. Футболдан өзің жанкүйер болатын командаларың бар ма? Әңгімеле.

6. Мәтіннен суреттегі оқиғаға сай тұсты тауып, сахналап көріңдер.



25

Құстар – біздің досымыз

1. Нақыл сөздің мағынасын түсіндір.

Аққуды атуға, досыңды сатуға болмайды.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Көк кептер

Нүсіпбек мұндай шатаққа қаламын деп ойламаған еді. Жап-жаңа маңайында тірі жан жоқ болатын. Енді, міне, өзін төрт-бес баланың қалай қоршап алғанын білмей де қалды. Ішіндегі үлкендеуі келе сала Нүсіпбектің зақпысын жұлып алды. Қалғандары жұдырығын түйіп:

– Кептерді неге атасың?! – деп төніп тұр.

– Жо-жо... жоқ... ме-ме... мен... – дей берді қорқып кеткен Нүсіпбек.



Осы кезде қастарынан бір әйел өтіп бара жатыр еді.

– Өй, мынау – біздің Нүсіпбек қой! Балалар, қоя тұрыңдар. Бұларың не? – деді ол.

Бейтаныс балалар Нүсіпбектен екі-үш адым кейін шегініп, «әнеки, көріңіз» дегендей, төмен қарады. Көрші әйелмен көзі түйісіп қалған Нүсіпбектің ақ сұр жүзі қызарып кетті. Енді ол тап алдында қанатымен жаны ышқына жер сабалап жатқан көк кептерге қарады. Құс көзін бір ашып, бір жұмады. Түрі сондай аянышты.

– Обал-ай! Неге аттың? – деді әйел.

Нүсіпбек үн қатпай, басын төмен салып тұра берді. Балалар жарыса сөйлеп, көрген-білгенін айта бастады.

– Нүсіпбектің бұрын ондайы жоқ еді. Мұнысы

бір тентек баладан үйренгені шығар?! Бұл – менің көршім. Кейін мұнымен өзім сөйлесемін, шешесіне де айтамын. Ал енді тараңдар! – деді әйел.

Сопиып жалғыз қалған Нүсіпбек айналасына жалтақтап, досы – Аймағанды іздеді. Ұшты-күйлі жоқ.

Жаңағы көрші әйел – Зияда апай. Аймаған – соның баласы. Ол кейіндеу келе жатыр еді. Сірә, істің насырға шапқанын көрген соң, зытып отырған ғой. Досын төрт-бес баланың қоршап алғанын көре тұра, кетіп қалғаны қалай? Әлде шешесінен қорықты ма екен?..

Осы кезде Аймаған бір жуан еменнің тасасынан шықты.

Нүсіпбек мән-жайды қысқаша айтып беріп еді.

– Өй, зақпыдан айырылып қалғаның қалай?! – деп дүрсе қоя берді Аймаған.

Нүсіпбек оның өзіне кінә арта бастап еді, Аймаған әңгіменің бағытын өзгерте қойды:

– Жарайды, Нүсіпбек. Айтысып не керек осы?! Зақпыны қойшы, тәйірі. Менде резеңкесі де, дайын ағашы да бар. Қазір-ақ жасап аламыз. Жүр біздің үйге.

Өй-шай жоқ, білегінен ұстап, жетелей жөнелді.

Үйіне келген соң Аймаған үстелдің үстіне резеңке, аша ағаш, қайшы, жіп әкеліп қойды. Өзінше көңілді, Нүсіпбектің ұятқа қалғанымен жұмысы жоқ.

Оның қылығына үнемі шыдап келген Нүсіпбектің тап осы жерде шыдамы таусылды. Резеңкені қайшымен турап-турап, аша ағашты қолымен екі бөліп, еденге атып ұрды.

– Мә, саған зақы! – деді де, үйден шығып жүре берді.

Машқар Гумеров



Зақы – айырсадақ (ату құралы).



3. Мәтіндегі оқиғаны кестедегі үлгі бойынша талда.

Мәтін кейіпкерлері	Не істеді?	Сенің пікірің
Көрші әйел – Зияда апай	Нүсіпбекке болысты	Нүсіпбекті жамандыққа қимады
...

4. Нүсіпбектің орнында сен болсаң, қайтер едің? Аймағанның орнында болсаң ше?



5. Шала-жансар көк кептерді қалай өлімнен құтқарып қалуға болады? Не істейтініңді рет-ретімен айт.



6. Нүсіпбек пен Аймағанды сипатта.

Нүсіпбек	Екеуіне ортақ не?	Аймаған



7. Нүсіпбек пен Аймағанның арасындағы достыққа өз көзқарасыңды білдір.



26

Үлкендерді тыңдаймын

1. Берілген нақыл сөздерді қалай түсінетініңді айт.
1. Сен үлкенді сыйласаң, кіші сені сыйлайды.
2. Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет.
2. Мәтінді түсініп оқы.

Мысық пен тышқандар

(Ертегі)

Мысық пен тышқан ежелден-ақ бір-біріне өш болыпты. Бір күні мысық іздеп барып, тышқандарға жар салады.

– Бұдан былай араздықты қоялық, тату-төтті өмір сүрелік! Сол үшін біздің ауылға келіңдер! Құшақ жайып қарсы аламыз! Сый-сияпат көрсетеміз...

Өтірік сөзді судай сапырып, тышқандардың делебесін қоздырған соң, мысық кетіп қалады. Тышқандар жиналады. Өзара кеңеседі.

Сонда мысықтың сөзіне елігіп алған жас тышқандар:

– Мысықтар жаулық райынан қайтып отыр. Расында да, тату болғанмыз жөн. Шақырып кетті ғой, көңілін қалдырмай, барайық, – деп құлшынады.

Тісқаққан көрі тышқандар күмәндарын айтып:

– Қойыңдар, әлі де артын күтіңдер. Мысықтар-



дың алдарқатқан айласы шығар... Тіл алсаңдар, бармаңдар! – дейді.

Жас тышқандар тыңдамайды. Қонақ болып, сый-сияпат көру үшін саусылдап мысықтардың ауылына барады. Бұлардың алдынан қонаққа шақырып кеткен қара мысық шығады.

– Қош келдіңдер, ағайындар! Мына үңгірге кіре беріңдер. Бұл – біздің үйіміз! – деп, өзі бастайды. Тышқандардың бәрі кіріп болғаннан кейін мысықтар үңгірдің аузын бекітіп тастайды.

– Е, аңқаулар, амалымызды асырдық па?! – деп тепсінеді де, мысықтар лап қояды.

Сол арада тышқандарды қырып салады... Ал кәрі тышқандар аман қалады.

Содан бері «Бәрі таппаған ақылды кәрі табады» деген сөз қалыпты. Үлкенді тыңдаған ұтылмаса керек.

«Ертегілер» жинағынан

3. Ертегіден нақыл сөзді тап. Ертегідегі оқиғаға сүйеніп, мағынасын түсіндір.



4. Берілген суреттерді ертегідегі ретімен орналастырып, оқиғаны әңгімеле.



5. Қарттарға қандай тілек айтасыз?



6. Дәптеріңе үлкендердің саған айтар үш ақылын, кішілерге өзіңнің айтар үш ақыл сөзіңді жаз.



27


Не үйрендім?



1. «Шынжыр» ойыны. Отбасындағы адамдар жөнінде әңгімеле.



2. «Менің отбасым» ағашынан постер құра. Жапырақтарға отбасы мүшелеріне деген тілектеріңді жаз.





3. Отбасындағы адамдарға деген аяулы сөздерің. Анаңның саған деген аяулы сөздері. Ол – қандай сөздер?



4. Сурет қай мәтінді есіңе түсіреді? Жатқа айт.

5. «Достық» дегенді қалай түсінесің? Үш нақыл сөз ойластыр. Түсіндір.

Жазушы шығарма жазарда **тақырып** таңдайды. Одан кейін сол тақырыпты ашатын оқиға ойластырады. Осы оқиға шығарманың **негізгі ойы** болып табылады. Негізгі ой басталады, жалғасады, аяқталады.

6. Отбасы тақырыбына құрылған мәтіндерді ата.

7. «Атаңа не істесең, алдыңа сол келер». Негізгі ойы осы нақыл сөзге құрылған шығарманы ата.

8. «Басыңа іс түссе,
Жақсы көмек етеді,
Жаман күліп кетеді»

деген мақалға қатысты оқиға ойластырып, әңгімеле.

9. Бауыржан Момышұлының «Елтанудың басы» әңгімесін басқаша қалай атауға болады?

10. Негізгі ойдың басталуы – футбол алаңындағы баланың іс-әрекеті, жалғасуы – оның қақпаға доп соғуы, аяқталуы – достарының оның қуанышын бөлісуі. Бұл әңгіме қалай аталады?





МЕНИҢ МЕКТЕБІМ




28

Мектеп – біздің анамыз



1. Сөзжұмбақты шеш. Сөзжұмбақтың торкөздерін толтыр. Көк жолақты торкөздегі сөзді дауыстап оқы.



1. Оқыған сайын өседі,
Ғаламның сырын шешеді.
2. Құштар болып оқу менен білімге,
Біз барамыз қыркүйектің бірінде.
3. Елдері мен қаласы,
Ойпаты мен даласы
Теп-тегіс тақтай-ды,
Өзені де ақпайды.

Тоғайы мен тауы бар,
Бұл – не? Өзің тауып ал.

4. Бір сандық бар қасыңда,
Іші толған ақылға.
Болғың келсе білімді,
Оған қарай жақында.
5. Келіп тұрар әр күн сайын жаңарып,
Жазылыпты онда түрлі жаңалық.
6. Адасқанда алсаң қолыңа,
Бағыт берер жолыңа.
2. Өлеңді түсініп оқы.

Мектеп – біздің анамыз

Күзге сүйеп күн иек,
Болып қапты қыркүйек.
Қырманды жұрт алыпты,
Дөнге батып қалыпты.

Жемістер де пісіпті,
Жерге үзіліп түсіпті.
Шөп буыны қатыпты,
Шөмелені ел тасыпты.
Межелі кез болыпты,
Мектеп есік ашыпты,
Күн сәулесін шашыпты.

Мектебін аңсап, сағынып,
Балалар келер ағылып.



**Өтебай
Тұрманжанов
(1905–1978)**

Ашылған гүлдей арайлы,
Көшенің бәрі қарайды.

Ықылас, ынта раймен,
Ерекше жарқын шыраймен,
Жүздері жайнап қуанып,
Шоқ-шоқ қызыл гүл алып,
Мектебіне келеді.

Өтебай Тұрманжанов




Күзге сүйеп күн иек – уақыт күзге айналып.
Шөмеле – шошайтып үйілген шөп.
Қырман – астық бастыратын ашық алаң.
Межелі кез – мөлшерлі уақыт.

3. Өлеңнің авторын ата. Сызбаны пайдаланып әңгімеле.



4. – Келесі беттегі суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Оны қайдан білдің?
– Балалардың көңіл күйі қандай?
– Оқудың басталған алғашқы күні екенін неден аңғардың?



 5. Осы сурет пен «Мектеп – біздің анамыз» өлеңін салыстыр:

Сұрақ	Жауап
<p>Сурет салатын адамды кім дейміз? Өлең жазатын адамды ше?</p>	
<p>Суретті қалай атар едің? Өлеңге басқаша қандай ат қоюға болады? Сурет пен өлеңге ортақ болатындай қандай тақырып қояр едің?</p>	
<p>Суретшінің көңіл күйі қандай деп ойлайсың? Оны қандай бояулар байқатып тұр? Ақынның көңіл күйі қандай? Оны қандай сөздер байқатып тұр?</p>	<p><i>Күн сәулесін шашыпты, жарқын шырай ...</i></p>

6. Өз мектебің жайлы әңгімеле.



7. Мектебіңнің қандай болғанын қалайсың? Сұлбасын қағазға түсір, әңгімеле.



29

Ақылшым – мұғалім



1. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, мақал-мәтелдерді дұрыс оқы. Жұмбақ сөздермен торкөздерді толтыр. Көкшіл жолақты торкөздегі сөзді дауыстап оқы.

1		Ұ					
2		С					
3		Т					
4		А					
5	Қ	З					

1. Оқу – білім ...
2. Қына тасқа бітеді,
Білім ... бітеді.
3. ... өнері білінбес
Бәйгеге түсіп жарыспай.
4. ... – тозбайтын тон,
Білім – таусылмайтын кен.
5. Оқу инемен құдық ...



2. Берілген мақал-мәтелдерге ортақ тақырып ойлап тап.

Осы ортақ тақырып пен ұстаз сөзінің арасында байланыс бар ма? Болса, дәлелде.

3. Өлеңді түсініп оқы.

Ақылшым – мұғалім

Сәбилік көңілден
Арналды бұл әнім.
Баулитын өмірге
Ақылшым – мұғалім.

Тіліңді аламын,
Айтқанды ұғамын.
Мен сендей боламын,
Ақылшым – мұғалім.


Арқаңда өзіңнің
Адам боп шығамын.
Бәрі алтын сөзіңнің,
Ақылшым – мұғалім.

Әнуарбек Дүйсенбиев

4. Өлеңнің авторын ата. Сызбаға сүйеніп әңгімеле.



5. Өлеңді өуенімен жатқа айтып үйрен.

 6. Сурет бойынша әңгіме құрастырып жаз.



Үлгі: Менің ұстазым... . Ол бізге ... түсіндіреді, ... айтады. Өрқашан ... киінеді. Ұстаздың сөзін ... тыңдаймыз.



30

Менің сыныптастарым

1. Сыныптасың туралы не білесің? Кластер құрастыр.



2. Сенің сыныбыңда сыбырлақ оқушы бар ма? Түсініп оқы.

Сыбырлақ

Бір бала бар сыбырлақ,
Аузы-мұрны жыбырлап,
Әсте тыным таппайды,
Құлағыңа сыбырлап.

Өзі де түк ұқпайды
Отырғанда дыбырлап.
Тыңдатпайды басқаға,
Шыға қалса тақтаға.

Аузын ашып қымындап,
Түк айта алмай ыңылдап,
Қалды дей бер «Сыбырлақ»,
Бостан-босқа жыбырлап.



Асқар
Тоқмағамбетов
(1905–1983)

Асқар Тоқмағамбетов

3. Сызбаға сүйеніп, автор туралы әңгімеле.



4. Сыбырлақ балаға мұндай жаман әдеттен аулақ болу үшін қандай кеңес берер едің?



31

Менің оқулықтарым

1. Нақыл сөзді түсіндір.

Кітап – білім бұлағы,
Білім – өмір шырағы.

2. Өлеңді түсініп оқы. Жаттап ал.

Оқулық

Саған білім жемісін
Оқулығың береді.
Талай адам сол үшін
Маңдай терін төгеді.

Оқулықты құрметте,
Күтіп ұста, кірлетпе.
Кішілерге табыс ет,
Дақ түсірмей бір бетке.

Несіпбек Айтөв

3. Өлеңнің авторын ата. Сызбаны пайдаланып әңгімеле.





4. Мектепте қандай пәндерді оқисың? «Әдебиеттік оқу» оқулығына зер сал. Мына кестені дәптеріңе толтыр. Басқа оқулықтарыңды да алып қара. Бос уақытыңда осы кестені жалғастырып толтыр.

Оқулықтың аты	Оқулық авторының аты-жөні	Қандай баспадан шыққан?	Редакторы кім?

5. Өлең жолдарындағы ақынның ойын жалғастырып көр.

Өлең жолдары	Олар – кімдер?
Талай адам сол үшін Маңдай терін төгеді.	

6. Оқулығың туралы әңгімеле.

Үлгі: «Әдебиеттік оқу» оқулығының авторы ...
Ол «...» баспасынан шыққан.



1. Суретке зер сал.



- Суреттен не байқадың?
- Мектебіңде осындай орын бар ма?
- Сен ол жерге не үшін барасың?
- Қандай кітап оқығанды жақсы көресің?
- Суретті қалай атар едің?

2. Мәтінді түсініп оқы.

Кітап

– Мен саған көп кітап алдым, – деп қуантты қарт немересін.

Атасы алған кітаптарды көріп шыққан Сәлім:

– Өттең, бір кітап есіңізде болмаған екен! – деді.

– Ол – қандай кітап еді? Мүмкін, мынау шығар? – деп қарт төсқалтасынан алып, манағы жұқа кітапшаны көрсетті.

– Нақ өзі! – деді бала қуанып. – Мұны неге бөлек алып қалдыңыз?

– Бұл – саған емес, өзіме алынған кітап.

Бала атасының бетіне таңдана қарады.

– Неге қарайсың?

– Сізге өзім оқып бермеймін бе?

– Оқуын оқып бересің, ал сақтауын өзім сақтаймын...

– Ал менде тұрса қайтеді?

– Бұл – өте қасиетті кітап қой, балам. Сенде тұрса, әркім ұстап, кірлетіп, тоздырып тастауы мүмкін.

– Ой, қызық екенсіз, ата! Бізге бүгін осы кітап бойынша сабақ басталды. Ал сіз «сақтап қоям» дейсіз...

– Әрине, оқуыңа болады. Тек ықтияттап, кітапты тоздырмай ұстау керектігін айтып отырмын.

– Оқымай, құр сақтағаннан не пайда?! – деп қалды Сәлім.

Қартқа немересінің мына аңғал айтып қалған сөзі түрпідей тиді.

– Өзім оқымасам, оқытпаймын ба саған, оқытпаймын ба басқаға?!



**Мұқан
Иманжанов
(1916–1958)**

Атасының жаратпай қалғанын аңғарған бала да өз ойын айқындауға асығып:

– Біреу оқып берген, қанша дегенмен, адамның өзі оқығандай болмайды ғой. Мен соны айтам, – деді атасының қас-қабағына қарап.

Қарт бұл сөзге жауап іздеп әуре болмады. Қаршадай немересі – Сәлім айтса да, тауып айтылған пікір сияқтанды.

Мұқан Иманжанов

3. Әңгіменің авторын ата. Сызбаны пайдаланып әңгімеле.



? 4. Мәтінде сөз етілген қандай кітап деп ойлайсың?



5. «Кітапханада» деген ойынға дайындал. Кітапханашы, оқырмандар қатысуы керек. Диалог құрастыр.





6. Кітапханадан кітап алу ережесін құра.



1. Қалаған кітабыңа тапсырыс беру.
2. ...
3. Картотекасын толтыру.
4. ...



33

Мектептегі бір күнім

1. Жұмбақты шеш.

Бір ұяда – жеті жұмыртқа.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Жеті шал

Жабақ жетіге келгенше Сәрсенбі атасының арқасынан түспей, асқа барса – асқа, тойға барса – тойға барып, ауыл шалдарының ортасында өсті. Ақ сақал, қара сақал қариялардың бәрін бірге ойнап жүрген жолдастарындай жақсы біледі.

Сол Жабақ биыл атасының арқасынан түсіп, мектепке барған.

Бір күні сабаққа кеткен Жабақ шашы жалбырап, танауы желпілдеп, етегіне шалынып, жетіп келді де:



Оспанхан
Дубәкіров
(1934–1986)

– Ата! – деді мылтықпен атқандай.

– Ау, қарағым, о не?! – деді Сәрсенбі қарт үріккен танадай тапырақтап келген немересіне таңырқай қарап.

– Біздің мұғалім сабаққа жеті шалды шақыратын болды. Ішінде сіз де барсыз, – деді Жабақ бір сөзі бір сөзіне сүрініп.

Асығып-аптығып сөйлеп кеткен немересінің сөзін атасы толық түсіне алмады.

– Балам-ау, сөзіңнің қабығын аршып, анықтап айтшы! – деді шал Жабақтың шаң-шаң маңдайынан иіскеп.

Жабақ:

– Мұғалім ағай: «Мектепте бірінші күн Дүйсенбі болады, екінші күн Сейсенбі, үшінші күн сіз, Сәрсенбі болады», – деді. Сосын кезекпен Бейсенбі, Жұма, Сенбі, Жексенбі аталарым келетін болды. Сіз келесіз бе, ата? – деді.

Сәрсенбі қарт қалақтай баласының арқасынан қағып, қарқылдап күлді-ай кеп.

– О, аңқау балам-ай, жөндеп түсінбегенсің ғой. Дүйсенбі дегені – Дүйсенбі шалдың аты емес, күннің аты. Сейсенбі – екінші күн. Сәрсенбі – мен емес, ол да күннің аты. Менің «Сәрсенбі» болып жүргенім – осы сәрсенбі күні туғанмын. Басқа шалдар да солай.

Күлкісіне шашалған шал немересіне жеті күннің аттарын осылай үйретеді.

Оспанхан Әубәкіров

3. Әңгіменің авторын ата. Кестені пайдаланып әңгімеле.



4. «Сөздің қабығын аршу» дегенді қалай түсінесің?

- сөзді түсініксіз етіп айту;
- сөзді созып айту;
- сөзді түсінікті етіп айту.



5. Аптаның бір күнін таңдап ал. Сол күнгі сабақтарың жайлы әңгімеле.

... бес сабақ болады. Біріншісі – Бұл сабақта өлең, әңгімелер оқимыз. Екіншісі –



6. Бір-біріңмен мына үлгі бойынша әңгімелесіңдер:

- Сен қай күні демаласың?
- «Әдебиеттік оқу» қай күндері болады?
- Аптаның қай күні – қасиетті күн?

7. Хрестоматиядан М. Жаманбалиновтың «Бір аптада» өлеңін оқы. Осы мәтіннің үлгісімен өлең құрастырып көр.



Біздің сынып

1. Жұмбақтарды шеш.

1. Білім мен тәлім
Парақтап ашқанда,
Беттерінен мәлім.
2. Ілулі түр кең алаң,
Керегімді мен одан
Жазып алам көшіріп,
Сүртем сосын өшіріп.
3. Жұқа тақтай бөлшегі –
Ұзындықтың өлшемі.

2. Түсініп оқы.

Сапар мен парта

(Мысал)

Бір күні мен
Сыныпқа кіріп ем.
Сапарға көзін аларта
Көтерді басын бір парта.
Жан-жағына қарап қойып,
Ернін кезек жалап қойып,
Сөйлеп кетті асырмастан
Болған істі жасырмастан:
– Есіктен күзде аттап едім,
Онда өзім аппақ едім.

Сапар келіп жайғасты.
 Содан бірер ай да асты;
 Кітабын, басқа керегін,
 Кеткенше сақтап беремін.
 Сонда да тыныш қоймады,
 Бетімді сызып ойнады.
 «Сапар» деп жазды өз атын,
 Болдым әбден тозатын.
 Айта берсем – масқара-ақ,
 Дәл желкемнен ұстап ап,
 Есіктен төрге сүйретті,
 Сүйегімді күйретті...



Сөйлемей парта көп артық,
 Қарады көзін алартып.
 Үнсіз қалды Сапар да
 Сол жерде мұрнын бір тартып.

Адырбек Сопыбеков

3. Мысалдың авторын ата. Сызбаны пайдаланып өңгімеле.



4. Сапардың іс-әрекетін сипаттап, баға бер. Өлеңнен қандай қорытынды шығаруға болады?

5. Сенің сыныбыңда қандай заттар бар? Оларды қалай күтіп жүрсің?



6. Сынып ережесін құрастыр.



35

Мектепке барып келемін

1. Сызбаға сүйеніп, Міржақып Дулатов туралы әңгімеле.



2. Өлеңдерді түсініп оқы.

Мектепке



Міржақып
Дулатов
(1885–1935)

Ашық күнде жарқырап,
Жаңа жауған жатыр қар.
Адамдардың беттерін
Домбықтырып тұр ызғар.

Жатырсыңдар неге ұйықтап?
Күн шығып қалды, балалар.
Таңертеңгі аязбен
Мектебіңе жөнел, бар.

Міржақып Дулатов



Мектептен

Мектептен қайтып балалар,
 Қызарып беті суықтан.
 Үй алдында Майлыаяқ
 Жатыр еді суықтап.
 Құйрығын бұлғап еркелеп,
 Қылды ықылас шындықтан.
 Күле шулап кірсе үйге,
 Самауыр тұр бу шыққан.
 Тойып алып тамаққа,
 Балалар жатып тыныққан.



Міржақып Дулатов

 3. Екі өлеңді салыстыр.

Өлең қалай аталады?	Авторы кім?	Жылдың қай мезгілі туралы айтылған?	Оны неден аңғардың? Сол өлең жолдарын тап.
			1) таңертеңгі аяз; 2) ... 3) ... 1) Үй алдында Майлыаяқ жатыр еді суықтап. 2) ... 3) ...

4. 91-беттегі самауырдың суретіне зер сал. Осы суретке сай келетін өлең жолдарын тап. Сен қандай сурет салар едің?

5. Өзің туралы әңгімеле.

	Мектепке	Мектептен
1. Қашан келіп, қайтасың?		

 6. Ойланып жауап бер.

Сабақтан кейін ата-анаңды тосып жүр едің. Әдемі көлікпен келген бейтаныс адам саған:

– Мені сенің әкең жіберді. Жүр, үйіңе апарып тастайын, – деді.

Сен не істейсің?



1. Суретпен жұмыс.

- Суретті қалай атар едің?
- Бұл жер саған ұнай ма? Неліктен?

2. Мәтінді түсініп оқы.

Кешірім

Тұрсын мектептен көңілсіз қайтты. Үн-түнсіз отырып, тамағын ішті.

Бір кезде:

– Апа, біздің көшені сыпыратын атай ауруханаға түсіп қалыпты, – деді.

– Ә, иә, бұл бейнет дегенің де тілсіз жау екен ғой. Құрал-жабдықтарын қоятын сарайының тө-

бесін жөндеймін деп жүріп, мертігіпті байғұс. Өткен сенбиде екі-үш оқушы сарай төбесінің қара қағазын жыртып, ішіне түсіпті. Сарайдан сыпырғылар алса керек. Тентектер өйтіп бүлдіргенше, сұрап алсашы. Ондай берекесіздер өйтіп сенбілікке қатысқанша, қатыспай-ақ қоймай ма?

Сөйлеп жүріп апасы жұмысына жиналды.

– Апа, ұрыспайсыз ба?– деді Тұрсын қипақтап.

– Не үшін? Екілік алғаннан саумысың?

– Жоқ, екілік емес. Одан да жаман...

– Жұлқысып келіп отыр екенсің ғой. Жетпегені сол еді! Бәсе, желкеңді сипалай бергеніңнен-ақ бір пәлені ішім сезген.

– Апа, айтайын дегенім аула сыпыратын атайға барсам деймін. Халін біліп, кешірім сұрайын.

– Жағдай сұрағышын! «Қақ-соқпен жұмысы жоқ» деп жүрген бала сен болсаң, көгертеді екенсің! Дәл қазір бар және жалғыз емес, қасыңда болған нөкерлеріңді де ертіп ал! Сендердің кешірім сұрағандарыңнан сауығып кете қоймас. Сөйтсе де жан жарасын жеңілдетер.

Апасы жұмысына кетті. Тұрсын аула сыпыратын қартқа барды.

– Бір қателік кеткен шығар. Ештеңе етпес. Бәрінен де қателіктеріңді түсіне білгендерің жақсы, – деді қарт.

Роза Әбдіқадырова

3. Мәтін неліктен «Кешірім» деп аталған? Басқаша қалай атауға болады?
4. Тұрсынның іс-әрекетіне өз көзқарасыңды білдір.
5. Мәтіннен аула сыпыратын қарттың сөзін тауып, дауыстап оқы.
6. Мектебіңнің ауласын кім тазалайды? Ол кісіге не дер едің? Тағы кімдер жұмыс істейді? Алғысыңды «Тілек ағашына» жаз.





37


Не үйрендім?

1. «Күн шұғыласы» ойыны. «Менің мектебім» дегенде көз алдыңа не келеді, кімдер елестейді?



2. Бұл сурет қандай мәтінді еске түсіреді? Партаны жылатқан кім? Оған қандай шара қолданар едің?



 3. Бір суретті таңдап алып, сол бойынша әңгіме құрастыр.





МЕНИҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ




38

Менің Отаным – Қазақстан



1. Сөзжұмбақты шеш.



1. Қалың ағаш өсетін нулы жер қалай аталады?
2. Отбасыңдағы әке атауы.
3. Ел сөзін басқаша қалай атауға болады?
4. Мемлекеттік рәміздеріміздің бірі.

• Жасыл бояулы торкөздердегі сөзді дауыстап оқы.

• **Отан** сөзін басқаша қалай атауға болады?

2. Қара әріппен жазылған сөздерді іштей оқы. Көп нүктенің орнына осы сөздерді қойып, дауыстап айт.

Отаным, туған жерім, атамекенім, туған өлкем, туған елім.

Менің ... – Қазақстан.



3. Өткен сабақтарда Қартқожа туралы әңгіме оқығансың. Ол – қай жазушының кейіпкері еді? Ж. Аймауытов туралы білетініңді төмендегі сызба бойынша дәптеріңе түсір.



4. Қартқожа туған жерін қалай жақсы көретінін білгің келе ме? Онда төмендегі әңгімені оқы.

Қартқожаның туған жері

Қас қарайды. Қой өрістен келді. Арбаны төңіректеп, сүйкеніп сиырлар тұр. Үй басы есік алдына от жағып, кешкі сиырдың сүтін пісіріп жатыр. Қартқожа үйге сүйеніп, ашамайды шын-тақтап, ауылға қарап отыр. Оған ауыл біртүрлі жылы, біртүрлі қызықты, ет бауыр жақын болып көрінді. Қоңырсыған сүт, қайнатқан қаймақ иісі де тәтті. Күлімсі шуаш иісі шыққан қойлар да бірге туғандай. Түтіннің иісі де күндегіден жағымды төрізді.

Ыстық қой, шіркін, туған жер! Кім сүймесін өз жерін? Сүймесе – зердесіз сүймес. Жүрегі шерсіз, тілеуі бөлек, жетесіз сүймес... Туғалы ұзап шықпаған, бауырмал әжесінің бауырында еркелеп

өскен үлбіреген балапан жүректі Қартқожа қайтіп сүймесін?! Қартқожа туған жерін жанындай сүйеді...

Жүсіпбек Аймауытов



Үй басы – әр үй.

Ашамай – жас балаға арнап жасалған ер-тоқымның түрі.

Ет бауыр жақын – өте жақын туыс.

Шерсіз – қайғы-мұңсыз.

Жетесіз – ақылсыз, ақымақ.

5. Мәтіннен кешкі ауыл туралы айтылған жолдарды тауып оқы.

6. Қартқожаға не қатты әсер етті?


7. Берілген мәтінді неше бөлікке жіктеуге болады? Әр бөлікке ат қой.



8. Қажетті сөздерді жаз.

Жазушының туған жеріне деген сезімін білдіріп тұрған сөздері

Сенің туған жеріңе деген сезіміңді білдіретін сөздер

-  9. Мәтін бойынша берілген суретке зер салып қара. Сурет бойынша әңгіме құра.




39

Отанымды сүйемін

-  1. Сөзжұмбақты шеш.

1. Ұлттардың бірлігі, татулығы.
2. Мемлекеттік рәміздеріміздің бірі.
3. Ұлттың аты.
4. Сені өмірге әкелген мейірімді жан.



- Қоңыр түсті торкөздердегі сөзді дауыстап оқы.
2. «Отан деген не?» дейтін сұраққа жауап беріп көр.


3. Өлеңдерді түсініп оқы.

Отан

Гүлдердің ертемен
 Қауызын ашқанын,
 Көктемнің көкпеңбек,
 Мөп-мөлдір аспанын,
 Таулардың қол жетпес асқарын –
 Ұнатам бәрін де,
 Өйткені ол Отан –
 Ұлы Отан.
 Бәрін де, бәрін де
 Ұнатам,
 Өйткені ол Отан –
 Ұлы Отан.

Жақан Смақов

Отан туралы



**Мұқағали
 Мақатаев**
 (1931–1976)

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
 Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.
 Мен оның қасиетті тілін сүйем,
 Мен оның құдіретті үнін сүйем.
 Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
 Бәрі маған: «Отан!» – деп сыбырлаған.
 Жаным менің, кеудемді жарып шық та,
 Бозторғайы бол оның шырылдаған.
 Отан, Отан,
 Бәрінен биік екен,
 Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем...

Мұқағали Мақатаев

4. Өлеңнің авторын ата. Сызбаға сүйеніп әңгімеле.



5. Өлеңдерге сүйеніп, көркемсөздерді тап.

...	аспан
қауызын ашқан	...
қол жетпес асқар	...
...	өзен
қасиетті	...
...	ҮН

6. Өлеңдерді ауызша салыстыр.

Ақындар	Отанды неге теңейді?	Екі өлеңдегі ұқсастықтар	Екі өлеңдегі ерекшеліктер
Жақан ...			
Мұқағали ...			

7. Өлеңдердегі соңғы қорытындылаушы жолдарды тауып, қайталап оқы.

Ақын Отанға, туған жерге деген сезімін ерекше сөздермен білдіріп отырады. Сен де өз туған жерің туралы айтқанда, осы сөздерді қолдануыңа болады.

8. Қалаған өлеңіңді мәнерлеп жатқа айтуға дағдылан.



40

Туған жерімнің тұрғындары



1. Өзің тұрған жерің туралы не айтасың?

2. Мәтінді түсініп оқы.

Туған жерімнің тұрғындары



Әбдіжәміл
Нүрпейісов
(1924 жылы
туған)

Мен қазір Астанада – бас қалада тұрамын, бірақ алыстағы балықшы ауылында туып-өстім. Кісінің тұрған жері де туған жерің сияқты көзге жылы, көңілге ыстық көрінеді. Адам баласы ешқашан кіндік қаны тамған жерін ұмытпайды. Сондықтан қайда жүрсең де, алпыс екі тамырың бүлк-бүлк етіп, «туған жер, туған жер» деп соғады.

Менің туған жерімде аңқылдаған, ақжарқын, қарапайым ауыл адамдары өмір сүреді. Сен олар-

ды мейлі көр, мейлі көрме. Сен оларды мейлі біл, мейлі білме. Бірақ сенің де оларды іштей жақсы көретініңді сеземін. Өйткені олар туған жерді гүлдендіру үшін оның топырағына тер төгіп, күндіз-түні тыным таппай еңбек етеді. Ол, бәлкім, ауыл сыртындағы қоңыр төбеде күнде-күнде қой жайған қойшы болар. Ол, бәлкім, көк теңізден күнде-күнде балық аулаған балықшы болар. Ол, бәлкім, қара жерге дән сеуіп, маңдай терімен жылда-жылда астық өндірген диқан болар. Олардың бәрі – ел игілігі үшін еңбек ететін туған жердің түлектері.

Әбдіжәміл Нұрпейісов

3. Әңгіменің авторын ата. Сызбаны пайдаланып әңгімеле.



4. «Туған жер» сөзін естігенде, ойыңа қандай сөздер келетінін айт.

5. Сен оны неліктен жақсы көресің?



6. Туған жерің туралы әңгіме құрастыр.

- Сенің туған жерің қалай аталады?
- Туған жеріңді сипатта.
- Туған жерге деген сезіміңді ерекше сөздермен білдіріп көр.



41 Қазақ тілім – анам тілі – өз тілім

1. «Мен оның қасиетті тілін сүйем ...» деп жырлаған ақынды ата. Ақынның қасиетті тіл деп отырғаны қай тіл?

2. Өлеңді түсініп оқы.

Туған тілім



Дихан Әбілев
(1907–2003)

Туған тілім – бабам тілі – өз тілім!
Туған тілім – анам тілі – өз тілім!
Туған тілім – далам тілі – өз тілім!
Туған тілім – адам тілі – өз тілім!

Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.
Туған тілім тіл болудан қалса егер,
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар!

Дихан Әбілев

3. Өлеңнің авторын ата. Сызбаны пайдаланып әңгімеле.




4. Ақынның туған тіл деп отырғаны қай тіл?

5. Өлеңдегі туған тіл деген тіркестің орнына қазақ тілі деген сөзді қойып, мәнерлеп оқы.

6. Өлеңді жаттап ал.

 7. Толықтырып көр.

Қазақ тілі 

-
- мемлекеттік тіл
- ...
- ...
- ... ана тілім



42

Өз мекенім жақсы

1. Жұмбақты шеш.

Қылдай белі бүгілген,
Өзінен де жүгі үлкен.

2. Жұмбақтың шешуі болған жәндік туралы не білетініңді әңгімеле. Мәтінді оқы.

Кімнің мекені жақсы?

Бір күні құрбақа, тышқан, құмырсқа – үшеуі кімнің жақсы мекені, жайлы қонысы бар екенін білмекші болып жолға шықты.

Құрбақа секіріп, тышқан жорғалап, құмырсқа қыбырлап ұзақ жүрді. Талай шұңқыр, талай төмешік артта қалды.

Ақыры олар кішкентай шалшық суға кез болды. Шалшықтың маңынан борсыған иіс келеді. Шет жағында жалғыз аяғымен қаздыып тұрған көкқұтаннан басқа бұл маңда ештеңе көрінбейді.

– Дүниедегі ең бір қолайсыз жер осы болар-ау, иісі қандай сасық еді, қолқанды атады, – деп тышқан мұрнын тыржитты да, көкқұтанның қасына келді.

– Көкқұтан, көкқұтан, жер бетінде кімнің мекені жақсы, кімнің қонысы жайлы? – деп сұрады.

Көкқұтан мойнын паңдана бұрды да, тышқанды сөге бастады:

– Соны да сөз деп сұрап тұрмысың? Ең жақсы мекен, жайлы қоныс осы жер емес пе!? Иісі қандай жақсы – көкірегіңді ашады. Суы қандай тәтті – жер татиды. Батпағы қандай жұмсақ – нағыз май батпақ, – деді де, ұшып барып шалшықтың екінші жағына қонды.



Құрбақа, тышқан, құмырсқа тағы да ілгері қарай жүре берді. Олар сәске түсте ол шеті мен бұл шеті көз жеткісіз жазық далаға келіп жетті. Нағыз ми қайнатар ыстық басталды.

Қалың көдеден басқа көлеңке болар пана жоқ. Құрбақаның тамағы бүлкілдеп, таңдайы кепті:

– Дүниедегі ең бір қолайсыз қоныс осы жер болды-ау, қандай ыстық еді, – деп, ауыр дем алды. Көденің түбінде бұғып отырған бозторғай мұны естіді де, «пыр» етіп аспанға көтерілді.

– Дүниежүзінде менің мекенімнен жақсы, менің қонысымнан жайлы еш жер жоқ, менің мекенімнен, менің қонысымнан! – деп әнге салып, биіктей берді, биіктей берді.

Құрбақа, тышқан, құмырсқа тағы да ілгері қарай жүріп кетті.

Өлден уақытта аспанға қара бұлт үйіріліп, артынша-ақ қатты жауын жауды. Жердің миы шығып, батпаққа айналды. Тышқан бауыры суға малынып, жүні сабалақтанып, дірдектеп тоңа бастады. Ал құмырсқа болса, мүлдем әлі құрып, жүруден қалды. Ол шаршап, қалжырап отырып:

– Дүниедегі ең қолайсыз қоныс осы жер болды-ау. Жауыны қандай қатты еді, – деп қамықты.

Бұл уақытта жердің жарықшақтарынан тысқа жыбырлап шыққан жауынқұрттары:

– Шіркін, жауынды жерге не жетсін! Жер бетінің үнемі ылғал тартып тұрғаны қандай рақат! – деп, мәз-мейрам болып жатты.

Құрбақа, тышқан, құмырсқа бұдан әрі ілгері жүрмеді. Кейін қайтты. Арып-ашып, іңір қараңғысында өз мекен, өз қоныстарына әрең оралды.

Тышқан жып беріп өзінің ініне еніп кетті де, түбіне қарап жатып:

– О, шіркін! Дүниеде менің інімнен артық жақсы мекен, жайлы қоныс бар ма екен? Өзі тар, өзі қараңғы, өзі қауіпсіз, – деді.

Құмырсқа да өз илеуіне келіп кірді де:

– О, шіркін! Дүниеде менің илеуімнен жақсы мекен, жайлы қоныс бар ма екен? Өзі жайлы, өзі биік, өзі жұмсақ, – деді.

Ал құрбақа да өзінің орнына секіріп түсіп:

– О, шіркін! Дүниежүзінде менің орнымнан жақсы мекен, жайлы қоныс бар ма екен? Өзі салқын, өзі дымқыл, өзі көлеңке, – деді.

Сонымен дүниедегі ең бір жақсы мекен, жайлы қоныс – әркімнің өз мекені, өз жері екен.

Сәкен Жүнісов

3. Сызбаны пайдаланып, автор туралы әңгімеле.



4. Сонымен, бізге таныс үш кейіпкер жақсы мекен, жайлы қоныс тапты ма?

5. Мәтіндегі соңғы сөйлемді дауыстап, қайталап оқы.

Соңғы сөйлем С. Жүнісовтің әңгімесінің негізгі ойы болады. Негізгі ой бір оқиғамен байланысып, бірнеше оқиғамен жалғасады.



6. С. Жүнісовтің «Кімнің мекені жақсы?» мәтініндегі негізгі ойдың басталуын, жалғасуын, аяқталуын тап.

7. Мәтін неше бөлімнен тұрады? Әр бөлімге ат қой.



8. Төмендегі суреттерге сәйкес топқа бөлініңдер. Әр топ өз мекенінің жайлы екенін айтып, рөлге еніп көрсетіңдер.




43

Тәуелсіздік алған күн



1. Сөзжұмбақты шеш.

1. Рәміз.
2. Қазақтың ханы.
3. Жыл басы.
4. Киелі сан.
5. Бұрынғы астана.
6. Ресей халқы.
7. Алып жануар.
8. Қасиетті ай.
9. Мұзайдыны.
10. Жыртқыш құс.
11. Қазақстан қаласы.



2. Түсініп оқы.

16 желтоқсан – Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған күн.



**Тұманбай
Молдағалиев
(1935–2011)**

3. Өлеңді мәнерлеп, түсініп оқы.

Он алтыншы желтоқсан

Он алтыншы желтоқсан –
Тәуелсіздік алған күн.

Ерекше боп мәңгілік
Ел жадында қалған күн.

Тұманбай Молдағалиев

4. Өлең неліктен «Он алтыншы желтоқсан» деп аталады? Бұл күні қандай мереке аталып өтеді?

5. Сызбаға сүйеніп автор туралы әңгімеле.



6. Суретке зер сал. Осы сурет бойынша құрастырылған мәтінді оқы.



Тәуелсіздік тұғыры

Бұл – тәуелсіздік ескерткіші. Ол өте биік. Ескерткіштегі адам қанатты барыстың үстіне орналасқан. Өзі алтыннан жасалған сауыт киіп алған. Бір қолында – қыран құс, бір қолында – садақ. Ол батырға ұқсайды. Қанатты барыс – тәуелсіздіктің белгісі. Батыр бабамыз осы тәуелсіздікті қорғап тұрғандай.



7. Сурет бойынша құрастырылған әңгімеге сұрақ дайындап, жауап беріңдер.



44

Алматы мен Астанаға қарашы

1. Ребустарды шеш.



2. Өлеңді түсініп оқы.

Астана

Бәйтеректің басына сен шықтың ба?
Сарыарқаның саф ауасын жұттың ба?
Өзегіңді жарып аппақ бір сезім,
Өз еліңнің ұлылығын ұқтың ба?

Төгеді Есіл төңірегіне өмірлі ән,
Өз Астанаң өз қолыңмен соғылған.
Енді, қазақ, бір-біріңді аяла!
Түбі бірге – түп қазыққа шоғырлан!

Алатауда қалды жылдар ең асыл,
Есілдің де жандай ыстық жағасы.
Жан даламның –
Алматы мен Астана
Көздерінің ағы мен қарасы!


Күләш Ахметова

3. Өлеңнің авторын ата. Сызбаны пайдаланып әңгімеле.





4. «Шынжыр» ойыны. Өлеңдегі ақын ойын сызбаға түсір. Өзің жалғастырып көр.



5. Алматы мен Астананың басты белгісі ретінде қандай сурет салар едің? Неліктен?

6. Суреттерге зер сал. Алматы немесе Астана туралы әңгіме құрастыр.





45

Туған жердей жер болмас

1. Мақал-мәтелдердің мазмұнын түсіндір.

1. Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.
2. Отан оттан да ыстық.
3. Балық суында патша,
Жігіт елінде патша.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Шымшық пен көртышқан

Алыстағы жылы жақтан кішкентай шымшық үйшігіне оралды. Ол – көзге көріне бермейтін кішкентай ғана сұр құс, жазда біздің жақта ұя салып, балапандарын өргізеді де, қыста Африкаға ұшып кетеді.

Шымшыққа ұшу да оңай емес, оның қанаты кішкентай ғана. Оның үстіне бір күн ұшса, бір күн жермен жорғалайды. Міне, ол үйіне қарай жорғалап келеді. Өзен жағасындағы көгалда, қызылшілік түбіне салған ұясы туралы да ойлады.

Кенет ол көртышқанды кездестірді. Іннің аузында отырған көртышқан тұмсығын шығарып:

– Сен кімсің, қайда барасың? – деп сұрады.

– Мен шымшықпын. Алыс жақтан туған жеріме келе жатырмын, – деді шымшық. Сонан соң ол көртышқанға өзінің туған өлкесі мен үнемі жылы болып тұратын Африка жері туралы айтты.

– Үнемі жылы болып тұратын жақта неге қалмадың? – деп таңданды көртышқан. – Сен жыл сайын неге жол азабын шегесің? Аяқтарың да ойылып жара болыпты. Қаршыға кездесе қалса қайтесің? Неге сонша өзінді қинайсың? Біреу сені шақырды ма?

– Отаным шақырды, – деп жауап берді шымшық.

Василий Сухомлинский (орыс жазушысы)

Аударған Қ. Мұсағалиев

3. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.

4. Төмендегі суретке қарап, мәтін кейіпкерлері арасында диалог құрастыр.

5. Шымшыққа өз туған жері неліктен ыстық? 1-тапсырмадағы мақалдарды пайдаланып, сөз саптауға дағдылан.



Үлгі: Балық суында патша.

..., – дегендей, шымшық та өз туған жерінде патша.



46

Неткен сұлу, неткен көркем – Осы менің туған өлкем!

1. «Ыстық қой, шіркін, туған жер!» – деп айтқан жазушыны ата. Қаламгердің ойын қалай түсінесің?

2. Өлеңді түсініп оқы.

Туған өлкем

Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен.
Неткен сұлу, неткен көркем –
Осы менің туған өлкем!

Алтын дөңді даласы бар,
Ақ күмістей қаласы бар.
Неткен сұлу, неткен көркем –
Осы менің туған өлкем!

Ер еңбегі шалқып, тасқан,
Ел еркіндей бақыт тапқан.
Неткен сұлу, неткен көркем –
Осы менің туған өлкем!

Өтебай Тұрманжанов



3. Туған өлкеңнің табиғатын сипаттайтын көркем-сөздерді теріп жаз.



4. Берілген өлең жолдарын өз бетіңше жалғастыр.

Неткен сұлу, неткен көркем –
Осы менің туған өлкем.

5. Өлеңді жаттап ал.

6. Шетелден келген қонаққа туған өлкеңді қалай таныстырар едің? Ойыңды жүйелі, мазмұнды етіп айтуға үйрен.



47

Ұланымыз ұлы елдің

1. Туған өлкеңді көркейту үшін не істер едің?
2. Өлеңді түсініп оқы.

Ұланымыз ұлы елдің

Өуеге асқақтаған өлеңіміз,
Бақытты байтақ елдің бөбегіміз.
Жорыққа тауларына жиі шықсақ –
Сол таудай асқақ болсақ дегеніміз.

Жарысып ойнап желменен,
Биікке талмай өрлеген,
Бағыттан тайып көрмеген,
Қашаннан қайсар ұланбыз.

Көңілін қиял кернеген,
Өмірін шаттық тербеген,
Ертеңге қанат сермеген,
Қашаннан қайсар ұланбыз.

Ұлы елдің әлпештеген ұланымыз,
Сол елге лайық болу – ұранымыз.
Сайларда сыңғыр қағып ағатұғын
Сарқылмас сан дауысты бұлағымыз.

Құлпырған еліміздің ұл-қызымыз,
Өзірге маңдайдағы құндызымыз.
Арасын жер мен көктің жалғайтұғын
Ертеңі жарқыраған жұлдызымыз.

Қастек Баянбай

3. Өлеңнің авторын ата. Сызбаны пайдаланып әңгімеле.



4. Автор өлеңдегі ойды кімнің атынан беріп отыр?



5. «Сарқылмас бұлағымыз», «маңдайдағы құндызымыз», «жарқыраған жұлдызымыз» дегендердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсініп ал.

6. Ақынның көңіл күйін білдіретін дауыс ырғағын таңдап, өлеңді әуенмен айтып көр.



Не үйрендім?

Жазба жұмысы

Бөлімдегі ақын-жазушылар қолданған әдемі сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, өз ауылың, қалаң туралы әңгіме құрастырып жаз.

а) Табиғат көрінісі: ағынды өзен, асқар тау, алтын дөңді дала, нұрын төккен күн, жұпар сепкен гүл, ақ күмістей қала.

ә) Кешкі ауыл көрінісі: қоңырсыған сүт, қайнатқан қаймақ иісі, түтіннің иісі де жағымды.

б) Туған жерімнің адамдары: аңқылдаған, ақжарқын, қарапайым, күндіз-түні тыным таппай еңбек етеді, туған жердің түлектері, ұлы елдің әлпештеген ұланымыз, қайсар ұланбыз.

в) Туған жеріңе деген сезіміңді мына сөйлемдер арқылы білдіріп көр және олар кімдердің шығармаларынан алынғанын есіңе түсір:

- Ыстық қой, шіркін, туған жер!
- Адам баласы ешқашан кіндік қаны тамған жерін ұмытпайды.
- Отан, Отан,
Бәрінен биік екен.
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем...
- Неткен сұлу, неткен көркем –
Осы менің туған өлкем!

МАЗМУНЫ

Алғы сөз..... 3

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Абай атаның сөзін жақсы тыңдаймын. <i>Абай Құнанбаев.</i> Ғылым таппай мақтанба.....	4
Алғаш рет оқуға келген күнім. <i>Ахмет Байтұрсынұлы.</i> Мен қалай оқуға бардым?.....	6
Кітап оқи аламын. <i>Жүсіпбек Аймауытов.</i> Кітап оқу.....	8
Менің сүйіп тыңдайтын әндерім. <i>Сәкен Сейфуллин.</i> Біржан.....	10
Үйдегі бір күнім. <i>Жақан Смақов.</i> Апаның тілін алса егер... ..	12
Өзім туралы өзім айтамын. <i>Қадыр Мырза Әли.</i> Не үшін?.....	14
Мен туралы сен не айтасың? Қонжық пен көжек (<i>Ертегі</i>)	17
Менің сәби кезім. <i>Бауыржан Момышұлы.</i> Ұяда не көрсең... ..	19
Жаңалыққа құмармын. <i>Бүркіт Ысқақов.</i> Жас техник	21
Мен ұнататын жан-жануарлар. <i>Дәулет Қасенов.</i> Өкініш.....	23
Менің сүйікті тағамым. <i>Тоқаш Бердияров.</i> Сусын туралы жыр.....	26
Менің киімдерім. <i>Абдырахман Асылбеков.</i> Көйлек хикаясы	29
Менің сүйікті ойыншықтарым. <i>Ертай Ашықбаев.</i> Менің кемем	32
Менің үйім.	

<i>Кәмен Оразалин. Абайдың шаңырағы.....</i>	34
Не үйрендім?.....	37

МЕНИҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

Менің отбасымдағы адамдар.	
<i>Әзілхан Нұршайықов. Немере</i>	40
Жеті атамды білемін.	
<i>Бауыржан Момышұлы. Елтанудың басы</i>	43
Ата-анамды құрметтеймін.	
<i>Кей-Қаус. Ата-ананы құрметтеу туралы.....</i>	45
Үлкен болған кезімде сыйлы болам өзім де.	
<i>Спандияр Көбеев. Атасы мен немересі</i>	47
<i>Қайрат Жұмағалиев. Кім ойлап тапқан?</i>	48
Әжетайым менің.	
<i>Фарица Оңғарсынова. Әже.....</i>	49
Сүйікті әжем.	
<i>Марат Қабанбай. Айгүлдің әңгімесі.....</i>	52
Мәпелейсің мені, анам!	
<i>Василий Сухомлинский. Ақ шаш.....</i>	56
Кішілерге қамқормын.	
<i>Қайрат Жұмағалиев. Бесік жыры.....</i>	58
<i>Мәжит Сейфуллин. Қолғанат</i>	58
Досыммен мақтанамын.	
<i>Әлібек Файзуллаев. Жанкүйерлер</i>	60
Құстар – біздің досымыз.	
<i>Машқар Гумеров. Көк кептер.....</i>	62
Үлкендерді тыңдаймын.	
Мысық пен тышқандар (<i>Ертегі</i>).....	66
Не үйрендім?.....	69

МЕНИҢ МЕКТЕБІМ

Мектеп – біздің анамыз	
<i>Өтебай Тұрманжанов. Мектеп – біздің анамыз.....</i>	72

Ақылшым – мұғалім. <i>Әнуарбек Дүйсенбиев. Ақылшым – мұғалім</i>	76
Менің сыныптастарым. <i>Асқар Тоқмағамбетов. Сыбырлақ.....</i>	78
Менің оқулықтарым. <i>Несіпбек Айтөв. Оқулық</i>	80
Аламын білім кітаптан. <i>Мұқан Иманжанов. Кітап</i>	82
Мектептегі бір күнім. <i>Оспанхан Әубәкіров. Жеті шал.....</i>	85
Біздің сынып. <i>Адырбек Сопыбеков. Сапар мен парта.....</i>	88
Мектепке барып келемін. <i>Міржақып Дулатов. Мектепке</i>	90
Мектептен.....	91
Мектептегі қамқор жандар. <i>Роза Әбдіқадырова. Кешірім.....</i>	93
Не үйрендім?.....	96

МЕНИҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ

Менің Отаным – Қазақстан <i>Жүсіпбек Аймауытов. Қартқожаның туған жері....</i>	99
Отанымды сүйемін. <i>Жақан Смақов. Отан.</i>	101
<i>Мұқағали Мақатаев. Отан туралы.....</i>	102
Туған жерімнің тұрғындары. <i>Әбдіжәмил Нұрпейісов. Туған жерімнің</i>	
<i>тұрғындары.....</i>	104
Қазақ тілім – анам тілі – өз тілім. <i>Дихан Әбілев. Туған тілім.....</i>	106

Өз мекенім жақсы.	
<i>Сәкен Жүнісов.</i> Кімнің мекені жақсы?	107
Тәуелсіздік алған күн.	
<i>Тұманбай Молдағалиев.</i> Он алтыншы желтоқсан.	112
Тәуелсіздік тұғыры	114
Алматы мен Астанаға қарашы.	
<i>Күләш Ахметова.</i> Астана	114
Туған жердей жер болмас.	
<i>Василий Сухомлинский.</i> Шымшық пен көргышқан	117
Неткен сұлу, неткен көркем – Осы менің туған өлкем!	
<i>Өтебай Тұрманжанов.</i> Туған өлкем.....	119
Ұланымыз ұлы елдің.	
<i>Қастек Баянбай.</i> Ұланымыз ұлы елдің	120
Не үйрендім?.....	122

Оқу басылымы

Қабатай Бидана Тұрсынханқызы

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ

1-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық

Редакторлары *Ж. Қайранбай, А. Ноғайбаева*

Суретшісі *Бағдагұл Ералиева*

Көркемдеуші редакторы *М. Нұрбеков, Д. Сабитаева*

Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*

Корректоры *Е. Амангелді*

Компьютерде беттеген *Г. Тасыбаева*

ИБ №005

Теруге 15.01.2017 берілді. Басуға 10.05.2017 қол қойылды. Пішімі 84x108^{1/16}.
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Өріп түрі «мектептік». Шартты баспа табағы 13,44.
Есептік баспа табағы 6,09. Таралымы 200 000 дана. Тапсырыс №2409.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты, 050002,
Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.